# SARYARQA

13 naýryz 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№10 (8174)



QOĠAM — ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ — 2-бет

ZERDE — ҚАҺАРМАНДАР — 3-бет

RÝHANIAT — САЯТ АТЫНЫҢ СЫНЫ мен БАБЫ — 4-бет

RESMI — ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ — 6-бет


**Бүгінде қаламызда тарих беттерінде ең қасіретті де зұлматты жылдардың белгісіндей болып қалған 1941-1945 жылдардағы соғысты өз көзімен көріп, куәгері болған соғыс ардагерлері саусақпен санарлықтай. Нақты айтсақ, төрт ардагер ғана қалған екен. Солардың бірі – Нина ВИНОГРАДОВА.**



# ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Медициналық колледжді енді ғана тәмамдап, дертіне дауа іздеген жандарға қол ұшын созып, көмек көрсетуді армандап жүрген кезінде бүкіл елді Ұлы Отан соғысының сұрапыл өрті шарпып, өрімдей он сегіз жасында майдан шебіне аттанған шағын бұл күнде Нина Виноградова терең тебіреніспен еске алады. Осылайша туған жерінен алшаққа аттанған ол II Украина шебінде жүріп жараланған жауынгерлердің жанына араша түсті. Қанды соғыс төсінде өзі де жарақат алады. Ерлігі үшін II дәрежелі «Отан», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін», «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков», КСРО-ның санитарлық қорғаныс саласының үздігі медалдарымен марапатталған.

8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында қала әкімі Қайрат Бегімов аяулы ардагерді де ескерусіз қалдырмады. Мерекемен құттықтап барған ол Нина Виноградоваға ерен еңбегі үшін зор алғысын білдіріп, гүл шоқтары мен сый-тарлғыларын табыстады. «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова да ардагерді мерекесімен құттықтап, ғасыр жасына жетуін тіледі. Еліміз аман, заманымыз тыныш болуын тілеген ардагер ұрпағының соғыс зұлматын білмеуін тілеп, барша құттықтаушыларға алғысын білдірді.

# СУДЬЯЛАР ҚЫЗМЕТКЕ КІРІСТІ



**Жезқазған қалалық сотының құрамы жаңа судьялармен толықты. Жаңа қызметке тағайындалған судьяларды таныстыруға Қарағанды облысы бойынша соттар әкімшісінің басшысы Бақдәулет Нұрпейісов келді.**

– Жезқазған қалалық сотында мамандар жетіспеушілігі облыстық сот төрағасына жақсы мәлім. Осыған байланысты сіздердің сот назардан тыс қалған емес. Кадр тапшылығын жою мәселесі қарқынды жолға қойылуда. Міне, бүгін Жезқазған қаласына жаңадан екі судья маман келіп, қызметке кіріспек. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 ақпандағы № 276 Жарлығымен тағайындалған судьялар Роза Есібаева мен Анар Әлжанова Жезқазған қалалық соты мен Қарағанды облысының № 2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған сотына тағайындалды. Бұл екі маман да сот саласында көп жылдардан бері қызмет етіп жүр. Сіздерге атқарылған міндетті абыроймен көтеріп, әділдік жолынан айнымаңыздар дегім келеді, – деді ол жиын барысында.

Жаңа судьяларға қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова мен қалалық сот төрағасы Жанболат Шортанбаев және Жезқазған қаласы прокуратурасы, полиция, пробация, Қарағанды облысы бойынша АК-159/25 мекемесінің басшысы, білім саласының өкілдері және сот қызметкерлері құттықтау тілектерін білдіріп, жұмыстарына сәттілік тіледі.

# ЖАҢА ДҮКЕН – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

**Жақында қаламызда жаңадан «Мечта» дүкені ашылды. Енді жезқазғандықтар жаңа сауда орнынан қалаған тұрмыстық техникасы мен басқа да тауарларды қолжетімді бағада сатып алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл – «Мечта» дүкендер желісінің 52 филиалы. Тұрғындарды жағымды жаңалықпен құттықтауға келген қонақтардың ішінде қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов та бар.**




– Мереке қарсаңында жаңа сауда орталығының ашылуы – тұрғындарға жақсы көңіл күй сыйлағаны сөзсіз. Біз үшін қала тұрғындарының тілегі – басты орында. Көктемнің алғашқы мерекесімен тұспа-тұс келген қуанышпен барша аймақ жұртын құттықтаймын. Еңбектеріңіз жемісті болсын! – деген тілегін білдірген ол ұжым қызметкерлері жұмысына сәттілік тіледі.

– «Мечта» – Жезқазғандағы электронды тұрмыстық техникалар сататын ең ірі дүкен. Біздің дүкенімізден өзге дүкендерде жоқ тұрмыстық техниканың кең ассортиментін табуға болады. Жезқазғандықтарды тек сапалы дүниелермен қуантатын боламыз. Сауда орталығының ашылуы 38 тұрғынның жұмыспен қамтылуына себепкер болды. Қызметкерлер 2/5 тәртібімен жұмыс істейді. Олардың жалақылары да жоғары, – дейді дүкен директоры Асхат Нұрғалиев.

Мереке сый-жоралғыларсыз болмасы белгілі. Ашылу салтанатында көп балалы және тұрмысы төмен отбасыларға 50 000 теңгелік сертификаттар табысталды және дүкенге келуші әр жүзінші тұтынушыға сыйлықтар үлестірілді. Жаңа дүкен былтыр күрделі жөндеуден өткен «Шаруа» сауда орталығының жаңа ғимаратында орналасқан.

*Бет материалдарын дайындаған*
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# АЙМАҚТЫҚ АБАЙ ОҚУЛАРЫ ӨТТІ

**Ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы Жезқазған аумақтық кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып «Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін» атты аймақтық Абай оқуларын өткізді.**



Аталған байқауға 300-ден аса үміткер өтініш білдірген болатын. Оның 109-ы іріктеліп, ақын өлеңдерін мәнерлеп, жатқа оқу, қара сөздерін мәнерлеп, жатқа оқу, Абай әндерін орындау және «Абай жолы» эпопеясындағы «Қайтқанда», «Белбелесте», «Жолда» тарауларынан үзінді оқу атты төрт аталым бойынша бақ сынады.

Шараға кафедра оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Кенжебай Ахметов, филология ғылымдарының кандидаты, ақын Светлана Жумкина, Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин, Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының музыка бөлімінің меңгерушісі, «Гүл-гүл дәурен» ән-би ансамблінің жетекшісі Гүлдәурен Жидебаева, Ө.А.Байқоңыров атындағы ғылым және инновация орталығының басшысы, PhD докторы Ерден Байқоңыров қазылық етті.

«Сен тұр – мен атайын» деген өнерлі өрендердің тыңғылықты дайындықпен келгендіктері бірден байқалды. Төрт сағатқа созылған хәкім Абай оқуларында өлеңдерін мәнерлеп оқу кезеңі бойынша I орынды Қ.И.Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейінің оқушысы Қамбар Тұрсынбай, қара сөздерін жатқа айту аталымында I орын Жезқазған бизнес және көлік колледжінің студенті Аружан Төлеубек иеленді. Ал «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді оқу кезеңінде № 13 ЖОББМ-нің оқушысы Сымбат Іңірбай, вокал жанры бойынша № 8 қазақ гимназиясының оқушысы Ырысдаулет Сүлеймен жеңіс тұғырынан көрінді. Ал, «Көрермендер көзайымы» номинациясын № 3 ЖОББМ-нің оқушылары Александрина Похолко, Әсел Әшет және № 8 қазақ гимназиясының оқушылары Арай Әбжаппар, Алина Бабич иеленді. «Ерекше дауыс ырғағы» номинациясы Гүлім Құлжанбайқызына, «Әнді әсерлі орындағаны үшін» номинациясы Асылан Жандетке, «Сахналық мәдениет» номинациясы Аруна Асылбековаға, «Әртістік шеберлік үшін» номинациясы Ақмоншақ Шахмановаға, «Ерекше оқу мәнері» номинациясы Бекет Бектұрсыновқа табысталды.

# МҰҒАЛІМДЕР СӘУІР АЙЫНАН БАСТАП ҰЛТТЫҚ БІЛІКТІЛІК ТЕСТІЛЕУ ТАПСЫРАДЫ

**Қазақстан ұстаздарының ұлттық біліктілік тестілеуі осы жылдың сәуір айында басталады. Бұл туралы Білім және ғылым министрлігінің аппараттық отырысында вице-министр Шолпан Каринова мәлім етті.**



– Елімізде 2018 жылы мұғалімдерді аттестаттаудың жаңа жүйесі енгізілгені баршаға мәлім. «Педагог мәртебесі туралы» заң аясында бұйрыққа өзгерістер енгізіледі. Енді барлық білім беру ұйымдарының, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың, мектептердің, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, қосымша білім беру ұйымдарының мұғалімдері осы ережелер негізінде аттестаттаудан өтеді. Аталған бағыттар бойынша қаржыландыру барлық санаттар үшін жалақыны 30-дан 50 пайызға дейін көтеру кезінде мұғалімдердің санатын жақсарту мақсатында республикалық бюджеттен бөлінеді, – деді Шолпан Каринова.

Вице-министр сонымен қатар, 2020 жылға дейін санаттар тек мектеп педагогтарына беріліп келсе, қазіргі таңда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мұғалімдердің бәрі де тесттен өтуге мүмкіндік алғанын жеткізді.

Оның айтуынша, биылдан бастап мұғалімдер біліктілік тестінен өте алады.

– 2019 жылдың қараша-желтоқсан айларында бірінші рет компьютерлік форматта тест өткіздік. Биыл да тестілеуді компьютерлік форматта өткізу жоспарланып отыр. Әр оқытушыға жеке дербес компьютер беріледі. Сұрақтардың базасы да бар. Бүгінгі күні тест жаңартылды. Мұғалімдердің жалақысы 1 қыркүйектен бастап өсуі үшін осы жылдың сәуірінен бастап біліктілік тестілеуінен өту мүмкіндігі жолға қойылады, – деді Шолпан Каринова.

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ КӨЗДЕЙТІН ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛЫП ЖАТЫР

**Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары «Ардагерлер туралы» заң жобасын жұмысқа алды. Енді Мәжіліс комитеті аталған құжат бойынша талқылауды жүргізеді.**



– Аталған заң жобасы Отан алдындағы әскери әрі азаматтық борышын атқарған Қазақстан ардагерлері мен азаматтарының құқықтары мен әлеуметтік мүдделерін қорғау саласындағы мәселелерді реттеуге бағытталған. Осы заң жобасы ардагерлердің 5 әлеуметтік қорғалатын санаты мәртебесін белгілеуді көздейді, – деді Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы Гүлшара Әбдіқалықова.

Оның сөзіне қарағанда, заң жобасында ҰОС ардагерлерінің және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғыс ардагерлеріне теңестірілген тұлғалардың мәртебесін белгілеу ұсынылады.

– Сонымен қатар, басқа мемлекеттердің аумағында жауынгерлік қимылдар атқарған ардагерлерді, Қазақстан Республикасының бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерін орындаған әскери қызметшілерді оларға жатқыза отырып, жеке санатына бөлу ұсынылады. Заң жобасында ардагерлер үшін әлеуметтік қолдаудың бірқатар шараларын белгілеу қарастырылады. Комитет заң жобасын жұмысқа алуға әрі ол бойынша қорытындыны 2020 жылдың 24 маусымына дейін ұсынуға дайын, – деді депутат.

Мұнымен қоса, жалпы отырыста «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заң жобасы да жұмысқа алынды.

– Аталған заң жобасы «Ардагерлер туралы» заң жобасына сәйкес келтіру мақсатында қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді. Заң жобасында ардагерлер үшін бірқатар әлеуметтік құқықтық кепілдік белгілеу қарастырылған. Осылайша, құжатта Социалистік Еңбек Ерлеріне және үшінші дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлеріне 138,6 АЕК–ке дейін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерін арттыру көзделген. Сондай-ақ, басқа мемлекеттердің аумағында соғыс қимылдарының ардагерлеріне 6,19 АЕК мөлшерінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы белгілеу ұсынылады, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

### МИТИНГІЛЕР ТУРАЛЫ ЗАҢ МӘЖІЛІСТЕ ҚАРАЛУДА

**Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заң жобасын жұмысқа алды. Енді Мәжіліс комитеті аталған құжат бойынша талқылауды жүргізеді.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

– Аталған заң жобасы Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауын орындау мақсатында әзірленді. Құжаттың негізгі мақсаты – азаматтардың бейбіт және қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізуге конституциялық құқықтарын іске асыру, сондай-ақ, елді-мекендердегі арнайы орындарды анықтау, – деді Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Нұрлан Әбдіров.

Оның пайымынша, заң жобасы қабылданған жағдайда ол қоғамдық-саяси тұрақтылыққа оң әсерін тигізеді.

– Комитет заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша 2020 жылғы 27 қарашаға дейінгі мерзімде қорытынды әзірлеуге дайын, – деді депутат.

### ІРІ СПОРТ ШАРАЛАРЫ ӨТПЕЙТІН БОЛДЫ

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің кеңесі бойынша еліміздегі спорт федерациялары жоспарланған бұқаралық спорттық шаралардың бәрін кейінге қалдырып жатыр.**

«Коронавирус инфекциясының таралу қаупінің алдын алу үшін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі барлық бұқаралық спорттық шараны өткізбеу жөнінде кеңес берген еді. Қазақстандағы спорт федерацияларының бәріне осындай хат жолданған. Себебі ондай ірі спорттық шараларға шетелден де спортшылар келеді. Осыдан кейін республикалық спорт федерациялары ірі шаралардың бәрін тоқтатып жатыр», – деп хабарлайды ҚР Мәдениет және спорт министрлігі дене шынықтыру және спорт комитетінің баспасөз хатшысы Раухан Тоғымбаева.

Сонымен қатар, комитеттің баспасөз хатшысы лицензиялық турнирлердің (2020 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарына) басқа уақытқа ауыстырылып жатқанын хабарлады.

### ҚАРАҒАНДЫДА ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

**Қарағандыоблысындажолинфрақұрылымын жақсарту жалғасуда. Биыл аймақта жол жөндеу жұмыстарының көлемі артты.**

Қарағанды өңірінде жолдарда атқарылған жөндеу жұмыстары мен пайдаланылатын материалдардың сапасы мұқият қадағаланатын болады. Облыс орталығында тексерушілер қатарына Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының мамандары қосылады.

– Біз Жол активтері сапасының ұлттық орталығы АМК-мен шарт жасасамыз. Бақылау бес сатылы болады. Бірінші саты — зауыттан шығатын жол-құрылыс материалдарын тексеретін зертханалар, – деп хабарлады Қарағанды қаласының ШҚ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Рүстем Қожақапанов.

Оның айтуынша, орталық өкілдері әр нысанда болады. Рүстем Қожақапанов, сондай-ақ, қалада 162 жол учаскесі кепілді қызмет көрсетуде екенін айтты. Кейбір кепілдік 3-4 жылдан кейін аяқталады. Осы мерзім ішінде пайда болған ақауларды мердігерлік ұйымдар өз есебінен жояды.

## ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

**Қалыптасқан дәстүр бойынша қала басшысы Қайрат Бегіміов сәрсенбі күні тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Әкімнің қабылдауына алдын ала жазылған 7 тұрғынның бесеуі ғана келісілген уақытта қабылдауға келді.**




Алғашқы болып келген Рита Гаджиева мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қарастырылған шипажай жолдамаларын ала алмай жүргеніне үш жылдан асқанын айтып, шағымданды. Бірінші топ мүгедектігі бар оған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаева:

– Әр адам мүгедектікке өткен уақытта медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы оған жеке оңалту бағдарламасын әзірлейді. Аталмыш бағдарлама бойынша сізге жеке көмекші ғана тағайындалған. Яғни сізге шипажайлық ем-шаралар қарастырылмаған, – деп мән-жайды егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

Әдеттегідей тұрғын үй кезегі мен апатты үйлердің жағдайы да қозғалмай қоймады. 2014 жылдан бері тұрғын үй кезегіне тіркелген Гүлнәр Аманқұлова мен Сарыарқа көшесіндегі апатты үйді паналап отырған екі отбасы қашан баспаналы болатынын сұраса, Сәтбаев көшесіндегі 89 «А» үйдің

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

тұрғыны Жамал Құдаймендинова жертөлесі суға толып, іргесі сөгілген үй бүгін-ертең құлауы мүмкін деп дабыл қақты.

– Бұған дейін тұрғын үй құрылысы тұралап қалғанын жақсы білесіздер. Былтырдан бері біздегі ахуал жақсарып, құрылыс қарқын ала бастады. Биылдың өзінде екі тұрғын үйді пайдалануға бермекпіз. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес алдағы жылдары үйлердің құрылысы тағы артпақ. Сондықтан, баспаналы болатын күндеріңіз алыс емес. Дегенмен, баспана тұрғын үй кезегімен берілетінін ескеріп, түсінген жөн. Көп балалы аналарға баспана үлестіріліп жатқанын тілге тиек етесіздер. Олар – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған мемлекеттік бағдарламаның қатысушылары, – деген Қайрат Баяндыұлы Сәтбаев көшесіндегі апатты үйдің жағдайы сәуір айында қайта сараптамадан өтетіндігін хабарлады.

Күні кеше ғана жеке кәсіпкерлігін дамыту үшін қала әкімінің грантын жеңіп алған Зарина Нұрманбаева қаланы абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын жүргізудің тендеріне қатыспақ екен. Осы ретте кәсіпкерге қалалық тұрғын үй-коммуналдық шарушылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің абаттандыру және тіршілікті қамтамасыз ету секторының меңгерушісі Бауыржан Ақылбаев конкурс құжаттамаларында көрсетілген талаптарды түсіндіріп берді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

# ҚЫЗМЕТ САПАСЫ – НАЗАРДА



**Қала әкімі Қайрат Бегімов, қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаевтың қатысуымен өткен қоғамдық кеңестің кезекті отырысында екі мәселе қаралды.**

Оның алғашқысы – Жезқазған қалалық тауарлар мен қызметтің сапасы және қауіпсіздігін бақылау басқармасы басшысының есебі.

– Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы біздің қаламызда да кең қарқынмен өріс алды. Бағдарлама аясында тұрғындарға түрлі инфекциялық ауруларға қарсы сақтық шаралары жүргізіліп, вакциналар салынды. Жиі алаңдаушылық тудыратын аурудың бірі – тұмау. Осыған орай, қала тұрғындарының 11,6%-ы тұмау вирусына қарсы вакцина алды. Жезқазғандықтардың 95,5%-ына қауіпті жұқпалы аурулардан сақтану жолы түсіндірілді. Бір көңіл қуантарлығы – өткен жылы тұрғындар арасында оба, тырысқақ, гепатит, сібір жарасы, бокулизм, безгек сынды аса қауіпті жұқпалы аурулар тіркелген жоқ. Дей тұрғанмен, өткен жылы аса ауыр ішек инфекциялары ауруларына шалдыққандар саны көп болды. В гепатиті, желшешек аурулары да жиі кездесті. № 10 ЖОББМ-де ішек жолдарының жұқпалы ауруы сальмонеллез тіркелді. Ауру бойында сальмонелла қоздырғышы бар науқас арқылы өзге оқушылар бойына да тараған. Бүгінде науқастар қатаң бақылауға алынып, нақты ем-дом шараларымен қамтамасыз етілді, – деген басқарма басшысы Оңал Байғожина өткен жылы ішек ауруларымен қатар туберкулез ауруына шалдыққандардың саны да азаймағандығын айтты.

Басты орында – бала денсаулығы екендігі сөзсіз. Соған орай, оқушылар міндетті түрде медициналық тексерістен өтеді. 14 457 оқушының 13 734-іне, яғни, 95%-на толыққанды медициналық бақылау жасалды. Тексеріс нәтижесінде денсаулық жағдайында кінәраты бар 566 бала анықталды.

Оңал Байғожина қаңғыбас иттер мен мысықтар санының азаймай отырғандығына да алаңдаушылығын жеткізді. Былтырғы жылы 2097 қаңғыбас ит пен 1322 мысықтың көзі жойылған. Дегенмен, бұрындары олардың саны автовокзал мен теміржол вокзалы аумағында жиі болса, бүгінде қаланың басты орталықтарында да артып отыр. Сәйкесінше, ит пен мысықтың тістеуінен жарақат алып ауруханаға түскен, қауіпті тері ауруларына шалдыққан тұрғындар саны да күрт өскен.

Осы тұста қоғамдық кеңес мүшелерін алаңдатқан жайттың бірі – әлем халқын әуре-сарсаңға салған коронавирустың біздің елімізге де қауіп төндіруі. Осынау дүниежүзілік проблема кезінде жезқазғандықтар да сақтық шараларын күшейтуде. Денсаулығына алаңдағандар алдымен, медициналық маска іздеп жанталасары сөзсіз. Әйтсе, бүгінде қаладағы ешқандай дәріханадан маска таба алмайсыз. Осы мәселе тұрғысынан түсініктеме берген Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова Қарағанды қаласында маска өндіретін зауыт жұмысы іске қосылғандығын, соған сай, таяу күндері қаламыздағы әлеуметтік дәріханаларға 96 000 маска әкелінетіндігін жеткізді. Сондай-ақ, қаламыздағы көпбейінді аурухана қорында 6000-нан астам маска сақтаулы тұр. Маска қоры отбасылық-дәрігерлік амбулаторияларда да бар.

Тұрғындар отбасылық-дәрігерлік амбулаторияларға қатысты да шағымдарын білдірді. Науқасқа тиісті көмек көрсетпеген «Бексейітова» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының дәрігеріне қатысты шағымын білдірген қоғамық кеңес отырысы қатысушысына ОДА-лардың кешкі сағат сегізге дейін тұрғындарды қабылдап, көмек көрсетуге міндетті екендігін жеткізген Ләззат Ранова аталған мәселеге қатысты арнайы шаралар қабылданатындығына сендірді.

Қоғамдық кеңесте өңіріміздегі өнердің қарашаңырағы саналатын С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрының да жұмыс барысы сөз болды. Театр мауысымының ашылуынабайланыстықызужұмысжүріп жатқан өнер ордасы ай сайын сегіз балаларға арналғанымен қоса 9 спектакль қойып, көрермендерімен қауышпақ. Театрдың көркемдік жетекшісі Кенжетай Әбілдин қойылымдар санының бұлайша қысқаруын жаңа премьералардың дайындығымен байланыстырды. Театр көрермендері алдағы уақыттарда Сәкен Жүнісовтің «Жаралы гүлдер», Иран Ғайыптың «Абай» спектакльдерінің премьерасын тамашалай алады.

– Серке театрының Жезқазған жерінде аймақтың өнерсүйер жұртын қуантып жүргеніне биыл – 48 жыл. Сондай-ақ, театрдағы қуыршақ труппасы да 35 жылдық мерейлі мерекесін қарсы алғалы отыр. Жетпіс жылдық тарихы бар ғимаратымыздың күрделі жөндеуді қажет ететіндігі де рас. Әр жылдарда түрлі деңгейдегі жөндеу жұмыстары жүргізілгенімен ғимараттың кәріз құбырлары жаңартылмаған болатын. Міне, соның уақыты келіп тұр. Тозығы жеткен желілердің жұмысының нашарлауына байланысты ғимарат қабырғаларына зиян келуде. Осы тұста қала әкіміне ғимарат қабырғаларын түпкі негізінен алшақтамай гранитпен қаптауға көмек көрсетілсе деген тілегімізді жеткізгім келеді, – деді театр директоры Индира Қанапина.

Кеңес мүшелерін алаңдатқан жайттың бірі – театрда 12 жылдан бері музыкалық оркестрдың жоқтығы. Осы уақыт аралығында классика жауһарлары қойылмаған театрдың атауындағы «музыкалы» тіркесі алынып қалуы бек мүмкін. Бүгінде жалпы 119, оның ішінде 42 актер жұмыс істейтін ұжым құрамы Жезқазған музыкалық колледжнің түлектерімен көбеюде. Осы орайда, көңіл қуантарлық жайттың бірі – облыстық бюджет тарапынан Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында биылдан бастап үш актер даярлануда. Олар оқуларын бітіре салысымен Жезқазғанға оралып, Серке театрында өз қызметтеріне кіріседі. Театрдағы дыбыс және жарық аппаратураларының жеткіліксіздігін, бұл құрылғыларды республикалық, халықаралық фестивальдер кезінде өзге қалалардан жалға алатындығынан хабардар болған кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітов өнер ордасында сұрақ тудырып отырған күрделі мәселелерге қатысты облыс әкімі Жеңіс Қасымбекке хат жолданғандығын және оның жауабы күтілетінін жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

# АРДАГЕРДІ ҚУАНТТЫ

**Халқымыздың «үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» қағидасын берік ұстанған «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов жылдағы дәстүрден айнымай Ұлы Отан соғысының ардагері Нина Виноградованы көктемнің шуақты мерекесі Халықаралық әйелдер күнімен құттықтай барды.**



– Әйелдің қоғамда алар орны мен ролі зор екеніне ешкімнің күмәні жоқ. Тұтастай бір ұлтты тәрбиелеп отырған әйел -ана ел басына күн туғанда да, тайсалмайтынын білеміз. Және бағалаймыз. Біздің бүгінгідей бейбіт заманның куәгері болғанымыз Сіздердің ерліктеріңіздің жемісі. Ұлы Отан соғысында жеңіс сыйлағандарыңызға мың алғыс, – деп жүрекжарды құттықтауын жеткізген Бауыржан Шыңғысұлы жылдар жылжығанымен ерлік ұмытылмайтынын жеткізді. Сондай-ақ, оқ пен оттың ортасында арпалыса жүріп, жауынгерлерді өлімнен арашалаған майдангер медбибінің қайсарлығы мен жүріп өткен жолы бүгінгі ұрпаққа өнеге екенін тілге тиек етіп, Нина Степановнаны әңгімеге тартты.

– Қатарымыз күннен күнге сиреп бара жатқанын естігенде құлазып қаламын. Қазір Жезқазғандағы Ұлы Отан соғысы ардагерлері арасында жалғыз әйел өзім екенмін. Мені ұмытпай, жағдайымды білуге асыққан ұрпақтың барына қуанып, арасында мақтанып та қоямын. Мереке сайын үйімнен адам арылмайды. Рақмет! Көңілдерің мен құрметтеріңе ризамын, – деп ағынан жарылған ардагер адамзат енді соғыс атаулыны көрмесе екен деп тіледі.

**Өз тілшіміз**




**Тіршіліктің бастауы саналатын аналарға қандай құрметке көрсетсе де жарасымды. Халықаралық әйелдер күні қарсаңында қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова Халықтар достығы мен мәдениеті үйі жанынан ашылған белсенді өмір сүру орталығында алтын құрсақты аналарды қабылдап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.**

Жезқазғандық аналарды дөңгелек үстел басына жинаған мерекелік кездесу ыстық ықылас пен жылы сөзден құралған құттықтаудан бастау алды.

– Құрметті де ардақты аналар! Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінде әйел тек отбасының береке-бірлігін сақтаушысы ғана емес, сонымен қатар, қоғамның белсенді мүшесі де. Қазіргі таңда нәзік жандылардың қолтаңбасы қалмаған сала жоқтың қасы. Олар мемлекеттік қызмет пен қоғамдық істе де, кәсіпкерлік пен тәлімгерлікте де толайым табыстарға қол жеткізуде. Жауапкершілігі мол қызметтерді бала тәрбиесімен қатар алып жүрген аналар сый-құрметке әбден лайық. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербете отырған Сіздерге алғысымыз шексіз, – деп ақ тілегін ақтарған Зина Жұманазарқызы алтын құрсақты аналарға алтын мен күмістен алқа тақты.

Мереке қарсаңында еліміздің демографиялық дамуына үлес қосқан жеті жезқазғандық ана еленді. Алтауының кеудесіне «Алтын алқа» тағылса, тағы бірі «Күміс алқаның» иегері атанды. Құшақтары гүлге толған аналар Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармония әншілерініңән шашуын қабылдап, емен-жарқын әңгіме өрбітті. Ана мен бала, отбасы институтын дамыту, мемлекет тарапынан қолға алынған әлеуметтік қолдау шаралары хақында сөз қозғалған жиынның соңында аналар қауымы өздеріне көрсетілген ілтипатқа разы болысып, ұйымдастырушыларға алғыстарын жаудырды.

**Бота ШАЛҚАР**

# ҚАҺАРМАНДАР

*Жалғасы. Басы газеттің алдыңғы сандарында.*



**Николай Георгиевич ПОДСАДНИК**

Николай Георгиевич Подсадник 1922 жылы Витебск облысында туды. 1944 жылдан Кеңес Одағы коммунистік партиясының мүшесі. Армия қатарына шақырылғанға дейін Балқаш қаласының М.Горький атындағы № 1 орта мектебінде оқыды.

Николай 1940 жылы Балқаш қалалық әскери комиссариаты арқылы әскер қатарына шақырылды. Орынбор әскери авиация училищесінде білім алды. Авиация училищесін 1943 жылы бітірген соң Николай Подсадник майданға аттанды. Ол Киевті, Львовты, Кишиневті, Румынияны, Югославия мен Австрияны азат етуге қатысты.

Көрсеткен ерлігі үшін ол қос Қызыл Ту орденімен, екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды, 16 рет жоғарғы басқарманың алғысына ие болды.

Сегіз «ИЛ-2» ұшағынан тұратын шабуылдаушылар тобының жетекшісі болған Н.Г.Подсадник 1943 жылы 6 қарашада Житомир жолымен кейін шегінген жау әскерін әуеден соққы беру жөнінде тапсырма алады. Бұл тапсырманы Николай Георгиевич тамаша орындады. Ол төмендеп ұшып, 4-5 рет орала отырып, кейін шегінген әскерге де оқ атты.

«ИЛ-2» ұшқыштар тобының жетекшісі болған Н.Г. Подсадникке 1944 жылы 16 шілдеде біздің шабуылдағы бөлімшелеріміздің шебінен кіруді мақсат еткен жаудың топтала жиналған танктеріне соққы беру тапсырылды. Тапсырманы орындауға ауа райының қолайсыздығына қарамастан, Николай бастаған штурмовиктер тобы шоғырланған танктерге күшті соққы берді. Сөйтіп, жаудың танк колоннасының біздің шабуылдағы бөлімшелеріміздің флангісінен кіру жөніндегі мақсаты жүзеге аспай қалды. Бұл үшін Н.Г.Подсадниктің тобы жердегі басқармадан алғыс алды.

Н.Г. Подсадниктің бүкіл әскери жолы батырлықтың, ерліктің тамаша үлгілеріне толы. «ИЛ-2» ұшағымен 101 рет ұшып, бомба тастауда, барлауда және жаудың адам күші мен техникасын қиратуда тапсырманы ойдағыдай орындағаны және батырлықпен ерлік көрсеткені үшін Н.Г. Подсадник КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 18 тамыздағы Жарлығымен үкіметтің жоғарғы марапаты Кеңес Одағы Батыры атағына ие болды.

**Вера Захаровна ХОРУЖАЯ**

Вера Захаровна Хоружая 1903 жылы 27 қыркүйекте Белоруссияның Бобруйск қаласында туған. Он жеті жасынан комсомол мүшесі болып, 1921 жылы коммунистік партияның қатарына өтті. Ол 1924-32 жылдары жасырын істеген Батыс Белоруссия БЛКЖО Орталық Комитетінің хатшысы және Польша Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитетінің мүшесі болды. 1941 жылдан Витебщинадағы жасырын партия ұйымы басшыларының бірі болып істеді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1960 жылғы 17 мамырдағы Жарлығы бойынша революциялық қызметке белсене қатысқаны және Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте ерлік көрсеткені үшін Вера Захаровна Хоружаяға (қаза тапқаннан кейін) Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Батыс Двина жағасында, Витебскінің дәл ортасында тұрған станок жасау зауыты алыстан-ақ көзге түседі. Зауыттың әкімшілік корпусының астыңғы қабатына облыстық өлкелік мұражайдың филиалы орналасқан. Бұл жертөледе қалыңдығы бір метрден астам қабырғалармен бөлінген аласа да ұзын тас қаптал бар. Олардың бұрыш-бұрыштарындағы қараңғылықты электр шамының жарығы да сейілте алмайды.

Міне, осы бір тас қапасқа белорусь халқының даңқты қызы, ержүрек революционер, жалынды патриот Вера Захаровна Хоружая қамалады. Осындағы ондаған адам әркімге үңіле қарайды. Төбеге таяу жерге «Хоруж...» деген сөз жазылған. Көрініп тұрғандай, сөз аяқталмаған. Бәлкім ол жазылып жатқанда жер асты карцерінің жендеттері есік алдына келіп тұрған болар. Адамдар бұл жазудың алдында бас иіп тұрып, Вера Захаровнаның және неміс-



фашист басқыншыларына қарсы тайсалмай өзімен бірге күрескен оның достарының жарқын бейнелеріне тағзым етеді.

Вера Мозырьдағы әйелдер гимназиясында оқыды. Ақ поляктардың әскері 1920 жылы наурызда Мозырьды басып алады. Сондықтан гимназист Вераға Рогали деревнясындағы диірменшіге батрак болып жалдануына тура келеді. Бұл кездегі жағдайды жақсы біліп қалған Вера жастар арасында саяси-үгіт жұмысын жүргізеді. Қызыл Армия 1920 жылы маусымда Мозырьды азат еткеннен кейін ол селолық мектепке мұғалім болып орналасады.

Вера Захаровнаның ондаған жылдардағы өмірі Белоруссия мен Польша жастарының арасында өтеді. Бұл туралы ол өзінің «Бостандыққа хат» деген кітабында («Молодая гвардия» баспасы, 1931 ж.) жақсы жазған.

Вера Захаровна 1935 жылы Қазақстанға келіп, жаңа құрылыс орны Балқашқа орналасады. В.З. Хоружаяны Балқаштың бірінші құрылысшысы, комсомол ардагері Иван Волков және басқалар жақсы біледі. Гитлершіл басқыншыларды жеңуге балқаштықтар да үлес қосты. Бірақ олардың бәрі бірдей өз зауытына, өз ошағына оралмады. Вера Хоружая да оралмады. Белорусь партизандарының қатарында болған ол партияның жауынгерлік тапсырмасын орындай жүріп, 1942 жылдың күзінде жау тылында қаза табады.

Батыр қыз В.З. Хоружаяның есімі ел есінде мәңгі қалды. В.З.Хоружаяның ескерткіш бюсті, оған арналған мемориал тақталар Мозырь, Бобруйск, Прудана, Балқашта, көптеген мектептер мен кәсіпорындарына және жоғары оқу орындарына қойылған.

**Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері – Жағыпар ЕРМҰХАМЕДОВ**

Жағыпар Ермұхамедов 1906 жылы Қостанай облысының Аманкелді ауданында, №5 ауылда дүниеге келген. Әкесі Ермұхамет Қарабатыров кедей шаруа адам болған. Жас Жағыпар ауыл мектебін жақсы оқып тәмамдайды да, Қостанайдың педагогика техникумына оқуға түседі. Оны да ойдағыдай бітіріп шыққан ол енді Ташкенттегі жоспарлау Экономикалық институтына оқуға түсіп, 1932 жылы бітіріп жоғары білім алады. Алдына қойған мақсаты – алған мамандықтары бойынша еліне қызмет жасау.

1933 жылдан Қарсақбай аудандық жоспарлау бөлімінде жоспарлаушы-экономист болып қызмет атқара отырып, алғашқы сәттен ақ ерекше көріне бастаған жас маман мұнда бір жылға таяу қызмет істеген кезде әскер қатарына шақырылып, міндетін өтеп қайтады. Жағыпар Ермұхамедов Қарсақбай аудандық партия комитетінде жалпы бөлім меңгерушісі, Байқоңыр орта мектебінің директоры, Қарсақбай аудандық өндіріс комбинатының аға есепшісі болып бірқатар қызмет атқарады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, майданға аттанады. Отан қорғау жорығында сан рет кескілескен ұрыстарға қатысып, жаумен жан аямай шайқасқан жауынгер ерлігімен мұнда да ерекше көзге түсті. Батыс майдан бағытындағы 55-гвардиялық атқыштар полкында болған ол 1942 жылы қыркүйекте ауыр жараланып, Горький қаласындағы госпитальға түседі. Одан шыққаннан кейін 10-атқыштар полкында соғыстың соңына дейін болып, елге жеңіспен оралғандардың бірі болды. Жағыпар Ермұхамедов аудандық партия комитетінде, мектеп директоры, түрлі салаларда жоспарлау бөлімінің бастығы, инженер, партбюро хатшысы сияқты әртүрлі қызметтер атқарып, оның қай-қайсысын болса да абыроймен атқарғанын сол кездері алған көптеген алғыстар мен мақтау, марапаттау, Құрмет грамоталарынан көріп білуге болады. Абыроймен атқарған адал қызметі азаматты асқақтата биікке



көтеріп, жарық жұлдыздай жарқырата беретіні белгілі. Соғыста да, одан кейінгі бейбіт өмірде де сіңірген қызметі үшін алған медальдары мен белгілері де бірталай. Ең бастысы биік парасатты, ел азаматы ретінде халыққа сыйлы, үлкенге де кішіге де қайырымды, түсінігі мол өнегелі азамат болғандығы, бүгінгі жастарға үлгі.

1966 жылы зейнеткерлікке шыққаннан соң Жағыпар әкей аса жауапты міндетті мойнына алып, қазақтың ірі-ірі руларының және үш жүздің шежіресін жазып, тарих бетіне алып шығуға батыл қадам жасайды. Шындығына келгенде шежіре жазудың жауапкершілігі үлкен, салмағы ауыр екені ақиқат. Өйткені кеңестік жүйе кезінде шежіре жазу, екінің бірінің қолынан келмеген еді. Мұрағаттағы аса құнды құжаттардың бірі – ол кісі жазып кеткен шежіре десек те артық емес.

Жағыпар аға әдебиетке де өлшеусіз үлес қоса білді. Ол – шежіре жинаумен қатар ел аузынан бұрынғы соңғының мағыналы, құнды, қызық әңгімелерін, естеліктерін, тарихи оқиғаларды жазып кейінгіге мұра еткен өлкетанушы.

Жағыпар Ермұхамедов – белгілі халық ақыны Нұрәсила Бәрменбаеваның өмірлік серігі. Жағыпар әкей 1978 жылы дүниеден өтті. Нұрәсила апамыз 1999 жылы тоқсан жасқа келіп көз жұмды. Олар өнерді бағалады, серік етті. Артында құнды қолжазбалары, жақұт жырлары, қара өлеңі қалды.

*Мәліметтер Жезқазған қаласы архивінің 322-қор, 1-тізімдеме, 7,8, 2-тізімдеменің жалғасы, 13,16-сақтау бірліктері құжаттарынан дайындалды.*

# САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗДІ САҚТАП, БОЛАШАҚҚА МҰРА ЕТУ – БҮГІНГІ ҰРПАҚТЫҢ МІНДЕТІ

Ұлтық құндылығымыздың бірі – атам заманнан сақталып келген қазақтың салт-дәстүрі. Заманның ағымымен салт-дәстүрдің өзгеретіні заңды құбылыс. Салттың озығы бар да тозығы бар дейді, ол рас, дегенмен бізге негізгі қазақи ұстанымды сақтауымыздың қажеттілігі жазылып та, айтылып та жүр. Ежелгі қазақтың түстену салты, үлкенге барып сәлем беру, науқастың көңілін сұрау, жаңа көшіп келген көршіге барып құтты болсын айтып, ерулік беру секілді салтымыз құрдымға кетіп бара жатқаны ащы болса да шындық. Қазіргі күні шақырмасаң шамалы туысың үйдің есігін ашпайтын заман туды. Есікке құлып салып көрмеген қазақ, қазір үйін өзбек ағайыннан асқан дуалмен қоршайды. Қоршағаның былай тұрсын, көрші көршісінің кім екенін білмейтін кез де келіп қалды.

5 ақпан күні Елордада «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссия отырысында Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев көптің көкейінде жүрген, екі қазақтың басы қосылса тақырыпқа тамызық болатын түйінді мәселені жұртшылықтың талқысына салуды ұсынды. Сөзбе-сөз келтірсек: «Ашығын айтқанда, бізде ұлттық прагматизмнің негіздеріне қайшы келетін ысырапшылдық сияқты әдеттерге қарсы шаралар қабылдауда нақты ұстаным жоқ. Көрші елдерде туғаннан өлгенге дейінгі орындалатын салт-дәстүр, (той, ас, жаназа т.б) әдет-ғұрып рәсімдерін заңмен реттеп қойғандықтан халық қойылған талапты қалыпты түрде қабылдайды. Біз не істеуіміз керек? Қазақ қоғамында орын алып отырған келеңсіз көріністерді (тойлар мен астардың бәсекемен, ысырапшылдықпен, даңғазалықпен өтетіндігі, отбасы құндылықтарының құлдырап кетуі) барынша шектеуіміз қажет. Алайда, құқықтық мемлекет принципі тұрғысынан бұл жайтты арнайы актілермен шектеу қаншалықты нәтижелі болады екен? Сондықтан бұл мәселеде қоғамның барлық күш-жігерін жұмылдырып, тиісті мемлекеттік органдар зиялы қауымды, қоғамның белсенді өкілдерін тарта отырып, осы ұлттық ғұрыптық рәсімдерді (тойлар мен астарды) ысырапсыз, даңғазасыз өткізудің ұсынымдарын дайындау керек», деді мелекеттік хатшы.

Осы ретте жақында Қазақ Ұлттық Әдет-ғұрып, салт-дәстүр академиясы қазақ тойының жаңа форматын көпшілікке ұсынды. Сценарий авторы Марат Тоқашбаев жазбасында былай дейді: Қазақтың бүгінгі тойы жұртты әбден мезі етіп болды. Ол бұдан 60, 70 тіпті 100 жыл бұрынғы тойлардан мүлде бөлекше өтіп жүргені мәлім. Ол кезге қайтып оралмайтынымыз тағы айқын. Қазақтың бүгінгі тойында уақыт пен тамақ – ысырап, децибиллдердің жоғарылығынан қонақтардың өзара әңгімелесуіне мүмкіндік – тапшы, үздіксіз тост пен арақ ішу – жиіркенішті. Ұсынған жаңа формат бойынша тойға әнші шақырылмайды, сөз берілмейді, құдалардан басқасы тұрып жүреді, уақыты 120-150 минут. Той иесінің қуанышына ортақтасуға келген ағайын-туыстың басы осы тойға жиналады. Ең алдымен той уақытын қазіргі 5-6 сағаттан 1,5-2 сағатқа қысқарту үшін тойдың креативті фуршеттік тәсілі ұсынылады. Той тамағы халал түрде фуршеттік қазандарда жасалады, әркім не жегісі келсе, тәбеті неге тартса соны өздері барып қалағанын алып жейді. Құрметті қонақтарға



ұсынылатын жіліктер алдын ала араланып, шағындалып, арнайы тәрелкелермен әкелініп тартылады. Оны қаласа тұрып, қаласа отырып жеуіне болады. Сусын мен ішімдіктер даяшылар тарапынан разноспен ұсынылады. Тойдың алғашқы бөлігінде бақырып-шақырған қатты музыка болмайды, тек жанға жайлы жұмсақ музыкалық фон ғана болады (Домбыра, қобыз, скрипка). Тойдың бұл жаңа тәсілі арқылы тойға кешігу жойылады, той уақыты қысқарады, уақытты бағалау артады, адамдар бір-біріне жақын бола түседі, тост айтудан құтыламыз, арақ-шарап тұтыну азаяды, жұлдыздарға тәуелділік кемиді, понт жоғалады, міндет орындалады!», дейді автор.

Расында да «итің жаман» десе өкпелеп қалатын ұлтымыз сөз келмесін деп тойды мінсіз атқаруға тырысады. Бүгінде бай мен кедейдің тойын ажыратудан қалдық. Себебі бай өз қалтасын ал, кедей банктің қалтасын қағады да екі той да хан сарайындай жалтылдаған мейрамханада аста-төк дастархан жайылып, атақты әнші-бишілер өнер көрсетеді. Той мерекеге емес жарысқа айналғаны қашан. Оның үстіне теледидарда танымайтын жандардың тойларын дүйім жұртқа көрсетіп, «мынауский» өткен тойларды анықтайтын бағдарламалар көбейіп кетті. Онсыз да бір-бірінен асып түсуге дайын тұратын қазекемдер абырой үшін бар мал-мүлкінен айырылуға да дайын. Сондай-ақ, тойдағы қонақтардың ерсі қылықтары, қазақилыққа жат, ұятсыз әрекеттер де жұрттың ызасын тудырғандай. Кешігіп келуді айтпағанда ысырапшылдық, торт кесіп жегізу, жасанды сценарилер секілді кемшіліктерді Сіз де әрбір қазақтың тойынан байқаған боларсыз.

Дүкен Мәсімханұлы, шығыстанушы, ақын, филология ғылымдарының докторы былай дейді: «Той қазақ қоғамындағы этномәдени және әлеуметтік құбылыстың бірі. Философтар қазақта тойдың көп болуын халқымыздың өмірге деген құштарлығымен байланыстырады. Алайда ұлттық дәстүріміздің келбеті соңғы жылдары мүлдем өзгеріп кетті. Қазіргі тойлардан мән-мағына кетіп, өзара жарысқа айналып барады. Қайбіркүнгі Шымкент қаласындағы тойда құны 179 мың долларлық торт не деген сұмдық?! Бұл мақтаныш емес нағыз дарақылық, жарыместік. Енді кедейлер сол миллион теңгелік тортты аламын деп шапқылайды, жетпесе несие алады. Түптеп келгенде бұл отбасылық берекенің тұрақсыздығына, шаңырақтың шайқалуына алып келеді. Біздер қазір «қарызданып қатын ал, қатының қалар қасыңда» деген мақалды ұстанып қалғандаймыз. Академияның ұсынып отырған қазақ тойының жаңа келбетін қолдауға болады. Біріншіден той уақытын қысқарту және уақытылы келу, даңғаза музыканың орнына жайлы әуеннің қойылуын қолдауға болады. Сондай-ақ тостсыз-ақ той өткізуге болады. Мәселен Түркияда екі жастың қуанышына келген қонақтар сый-сияпатын беріп, бір кесек торт пен бір кесе шәйін ішіп, бір-екі билейді де қайтады. Бір сөзбен айтқанда уақытты бағалайды. Қытайда той ережесін Үкіметтің өзі бекіткен ондағы қандастарымыз бұған дейін тойды тостсыз өткізіп жүрген. Отандастарынан көріп енді олар да сөз сөйлеуге құмартып барады. Алайда жаңа форматта қарастырылған креативті фуршетке қарсымын. Өркениетті ел боламыз десек қазаққа да «бетімен кеткен» тойды жөнге келтіру керек.»

Шынында қазақтың көне заманнан бергі сақталып келген әдемі салт-дәстүрлерінің бірі осы той. Шілдехана, сүндет той, құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру тойлары бүгінгі күндері өзгергені сонша, бастысы қазаққа тән бір керемет ілтипатын жоғалтып бара жатқаны адамды қынжылтады. Мысалы, қай тойды алсаң да, оның өзіндік өзегі болатын. Шілдехана тойының негізгі жарасымды қонақтары, нәрестенің әжелері болуы, басты рәсімдерінің бірі қалжа әкелу, бесікке салу, т.б. ырым мен жолдар ұмытылып барады. Ал сүндет той ер азаматтың ең үлкен тойы болып саналған, екі жұрты балаға тай мінгізіп, ат шаптырып тойлайтын. Құда түсуді бүгіндері сырға салумен алмастырылып, ұзату мен келін түсіру тойлары өте дарақыланып өзгергені айдан анық. Баяғыда қаламызда жылына екі-үш көп қабатты тұрғын үй салынса, бүгінгі күндері сонша тойхана салынады. Бұрындары келін түссе, ұзын құлақ арқылы бірі бірінен естіп, туған-туыс, көрші-көлем бірінің артынан бірі келіп, құтты болсын айтып, кішісі үлкенге орын беріп, құтты болсын айтып, тарап жататын. Жастар таң атқанша қалып, өлең айтып тойлайтын. Үлкендердің үлесі құда түсу мен құда күтуде еді. Батыс облыстарында бұл салт аз да болса сақталған. Бізде қыз ұзату тойы болсын, үйлену тойы болсын үлкен қарияларды қаңтарып алты-жеті сағат отырғызып қояды. Үйлену тойында қыздың әке шешесін, ағаларын отырғызып қойып аялап өсірген қыздарының жат елде иіліп сәлем бергеніне куә еткізеді. Сосын біз тойымызды қазақтың салт дәстүрінен хабары жоқ асабалардың билігіне беріп қоятынымыз қалай екенін түсіну қиын-ақ. Малды шартық бұзады демекші, кей кезде қазақи дәстүрді осы асабалар бұзады. Бір тойда асаба күйеу баланы ортаға шығарып жұрттың көзінше: «келінге айқайлап мен сені сүйемін де» деп бұйырғанын көрдік. Кейбір асаба жұрттың көзінше екі жасқа таза ыңғайсыз, ұялатын сұрақ қойып келемеж етеді, енді бірі құда мен құданы, құдағи мен құдағиды жарыстырады. Ата-енесі келінінің алдында сайқы мазақ болып билегені қазаққа жараспайтын дүние екенін білмегені ме? Көрші елдің торт келді деп қуанғанын бізге енгізіп, келіні атасына торттан асатады. Асату қазақта бар салт, бірақ ол үлкеннің еншісінде болған. Тағы бір сорақысы келін келді тұрыңдар, қол шапалақтаңдар деп, ата-енелерін келіннің алдында тұрғызғаны қалай? Енді бірі «Ет келді, ет, почему шапалақ нет» деп жұртқа қол шапалақтады. Ашаршылықта қазақ тамаққа ақымақтай қол шапалақтамаған болар! Және де қазақтың салты бойынша келінге шымылдық үйдің сол бұрышына құрылатын еді, төрге құрылмайтын. Ал біз келінімізді бірінші күннен төрге шығарамыз, бұл дегеніміз кешегі кеңес дәуіріндегі көрші елдің салтынан алған оқшау қылығымыздың бірі. Айта берсең келеңсіз көріністер көп-ақ, біракта, мінді сын түзейді, деген қағидамен көшімізді түзей жүрейік, ағайын! Сіздер қалай ойлайсыздар?

**Мұрат ҚАЗАМБАЕВ,**
**«Жезқазған, Сәтбаев қалалары және Ұлытау өңірінің ақсақалдар кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы**

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

# САЯТ АТЫНЫҢ СЫНЫ мен БАБЫ

**Қазақ құсбегілері саят-сонар-салбурынға арнайы жаттыққан ат мініп шығады. Бұл ат ауызекі тілде «Бүркіт аты» немесе «Саят аты» деп аталған. Мұндай жылқы мініп-түскенде, сондай-ақ құс қанатын жайып қозғалғанда үрікпейтін, үстіндегі құстың қимыл-әрекеті мен мінез-құлқын жатырқамайтын болғаны дұрыс. Саятшылыққа кез келген жылқы жарамайды. Арнайы ат таңдап алып үйретеді.**



***Саят атын таңдау***

Саят атының дене бітімі кесек, кеуделі, сауыры шығыңқы, аяқ-қолы жуан болғаны ләзім. Жүрісі нық, қозғалыс үстінде сүрініп-қабынбайтын, яғни, қартаймаған, тізесі кетпеген, мініске көнбіс, жүрісі шапшаң, елпек болуы қажет. Шабысты болса да артық емес. Себебі құс олжаны ұстаған соң артынан тез, жедел жету керек.

Көп жағдайда саятқа ұшқыр, жүрдек, елпек жылқы таңдалады. Себебі бүркіт аңға түскен сәтте құс иесі оған өте тез жетуі керек. Бүркіт қасқыр немесе түлкіге түскен соң иесі жеделдетіп көмекке келмесе, қыранның жазым болуы әбден мүмкін.

Сонымен қатар өлкенің табиғи өзгешелігіне байланысты саят атын таңдаудың өзіндік ерекшелігі бар. Жері сазды немесе құмдауыт, топырақ қыртысы жұмсақ жерлерде күрек табан, кесе тұяқ, жүрісі жайлы әрі жылдам, сергек жылқы таңдалады. Таулы аймақтарда тұяғы шымыр, алды-арты тең, тұрпаты жатаған, биік қыратты жерде туып-өскен, күдірден жол тауып жүретін жылқы қолайлы.

Саятқа әбден дағдыланған жылқы аңды адамнан бұрын сезеді. Пысқырып, құлағын қайшылап белгі береді. Сол кезде құсбегі бүркіттің томағасын сыпырып, жан-жағын шолдыра қояды. Кейбір жағдайда құс аңды адам көрмейтін таса жерге барып басады. Оны ат құсбегіден бұрын сезіп солай қарай өзі алып барады.

Саят атының аяғындағы жүрекшесі бүтін болуы керек. Сосын қайырма немесе бүршік тағамен тағаланады. Өйткені тау-тасқа, тік еңіске салғанда аттың аяқ жүрекшесі тез мұқалады. Осы жағдайдан сақтану үшін көбінде қайырма тағамен тағалайды.

***Саят атының сыны***

• Сыртынан қарағанда бітім-тұлғасы зор, қырынан қарағанда тұрысы бүкірлеу болады.

• Қабырғасының қара еті қалың һәм сүйегі жуан бітеді.

• Байлаулы тұрғанда тұтас денесін алдына қарай ұмсына созып ұстайды.

• Жүргенде төрт аяғын нық әрі тең тастайды, үстіне ер салып байқағанда тұла бойы тегістеліп көрінеді.

• Артық қимыл жасамайды, бір орында үнемі шұлғып тұрады. Бұл кең мінезділігінің белгісі.

• Саят атының басы сүйір болғаны жақсы, өйткені, жедел шапқанда жел жарып қозғалуға ыңғайлы.

• Басы сүйір, тұмсығы үшкіл жылқы иіс сезгіш қабілетке ие. Бұл саят аты үшін таптырмайтын қасиет. Аңның қайда жүргенін тез сезеді.

• Буындары өте мықты, төрт тұяғының қыры өткір, жон терісі қалың болғаны жақсы. Ал қолтық-шап терісі жұқа болғаны абзал. Мұндай жылқының тыныстау мүмкіндігі зор келеді. Тынысы кең жылқы еркін көсіледі.

• Аяқ тұрқы ұзын, тұмсық үсті дөңес, жазық маңдайлы, жайын ауыз, шоқтығы етжеңді, жалы қалың болғаны абзал. Жай тұрғанда шоқтығын сауырынан биік ұстайды. Мұндай жылқының мінезі жайлы болып келеді.

• Жүргенде басын көтеріп ұстайды, қаз мойын, денесі төртбақ келеді. Дене бітімі кесек, кеуделі, сауыры шығыңқы, жуан сіңірлі болады. Қара етті, төрт сирағы ұзын, иықты, омыраулы, екі бұты алшы, аяғының аралары алшақ бітеді.

• Құлақ түптері жақын орналасқан болса, мінезі жайлы, үйірсек келеді. Жүрісі қатты ат қыран құсты мезі ететіндіктен саятқа жарамайды. Саят атының жүрісі жайлы, аяңшыл, жүрдек, шапқанда ұшқыр, мініске көнбіс, жүрісі шапшаң болуы қажет.

***Саят атын баптау***

Құсбегі адам саятшылық жасап, бүркітке аң ілдіру үшін өзі мініп-түсетін саят атын баптайды. Ол үшін: саятқа таңдап алынған жылқының етін қатырып, бүркітті алып жүруге дағдыландыру және құс пен атты үйлестіру сияқты жұмыстарды тиянақты атқару қажет.

Саят атын жаз бойы үйірде ұстайды.

Мінілмейді. Күзде жыра салып, толық тойынғаны абзал. Күйі building керек. Одан кейін оны күзге салым құс шақыру, шырғаға келе бастаған кез қыркүйектен бастап ұстайды да, қазан айының біріне дейін етін қатырады.

Етін қатыру үшін қағыр (тақыр) жерге арқандайды. Алғашқы үш күн суармай, қақтықтырады.Төртінші күні қандырып суарады. Одан соң екі күн-де бір суарады. Соңында күн аралатып суарады.

Саят атын ұстаған соң бір апта бойы таңертең-кешке ауыл маңайына тер шығармай аяңдап жүреді. Екінші апта бойы желе шоқытып, аттың арам терін алады. Кейін белгілі қашықтарға шауып, үш-төрт күн қатарынан таң асырады.

Еті толық қатқан ат терлемейді әрі тау-тасқа жүргенде ентігіп, шалдықпайды, тынысы кеңіп, жүрген сайын ашылып отырады. Арымайды, күйін ұзақ уақыт қалыпты ұстайды.

Саят атын баптау – құстың түлек пен қайыруына да қатысты жүргізіледі. Яғни, жазда түлекте отырған құсты иесі тамыздың ортасынан бастап қайырады. Былайша айтсақ, қыс түсіп күн суымай тұрып құсбегі бүркітінің етін қатырып, аң қағуға дайындайды. Бұл әрекет 30-40 күнге созылады.

Бүркіттің қайыруы қанып, аң қағуға икемделе бастаған кезін білу үшін оны шырғаға шақырады. Бүркіт шырғаны ұстаған соң қызылға шақырғанда (қызыл ет көрсетіп қолға қондыру) шырғаны тастап қолға келетін болса, саят атын дайындайды.

Саят атын баптау жүйрік жылқыны баптау сияқты күрделі емес. Жүйрік аттай ішін тарттырып жаратпайды, тек етін ғана қатыру мақсат. Оны арқандап қойып, таңертең, кешке жақын маңайға тер шығармай аяңдап жүру керек. Әйтпегенде, арқанда тұрған семіз ат аңға шығып, ұзақ жол жүргенде «топқазы» болып қалады.

Еті қатқан аттың аңға шыққанда қарыны тоқ болғаны жөн. Себебі құс салғанда ұзақ жүріс жүрген сайын ішіндегі шөп кетіп, іші тартылып тұрады. Түнде шөпті мол салып тойдырып алады да, таңертең аңға шығарда суарып шығады. Егер суармаса, сусап шөлдегендіктен топқазы болады. Саятқа алаң-елеңнен шықса, күн көтерілген кезде суара беруге болады.

Саяттан қайтқан соң атты 2-3 сағат қаңтарып қояды. Түнде шөпке қоярда көнге аунатып алса тері кепкенге пайдалы.

Саят атына қыс бойы сұлы, көк шөп, жем берген жөн. Ат қара етін ұзақ ұстайтын болса қыс бойы мінуге жарайды. Мұндай берік жылқылар некен-саяқ кездеседі.

Саят атын көбіне екі ай мініп алмастырып отырады. Алмастыратын екінші атты 6-7 күн бұрын ұстайды. Қыста ұстаған атты күн аралатып суарып, шөбін дембіл-дембіл аздан беріп, үнемі қозғалтып, аяндатып отырса 7 күннен соң бабына келеді.

***Саят аты мен бүркіттің үйлесімі***

Саятшылық кезінде саят аты мен бүркіттің үйлесімі болмаса аң қағу мүмкін болмайды. Яғни, ат пен қыранның бір-біріне бауыр басуы, нақтырақ айтқанда, бүркітті балдақтап аттың үстіне алып жүргенде және ол ұшып-қонғанда ат үрікпеуі қажет. Екіншіден, құстың атқа үйренуі аса маңызды. Яғни, бүркіт саят кезінде аттың үстінде тыныш отыруы, шақырған жағдайда өзі келіп қолға қонуы, аттың әртүрлі (желіс, шабыс, аяң, т.б) жүрісіне көндігуі қажет.

Жалпылай алғанда, саят аты жуас кең мінезді болғанымен шабан-шобыр болмауы керек. Шабан ат аң қағуға қолайлы емес. Ал әрі жүрдек, әрі жуас жылқы көп кездесе бермейді. Кездескеннің өзінде құспен үйлеспесе қиын. Сондықтан қазақ құсбегілері саят аты мен қыран құсты бір-біріне бауыр бастыру үшін арнайы айла-тәсіл қолданған. Мысалы:

• Саятшылыққа арнайы баптаған ат бұрын-соңды бүркіт алып жүрмеген болса, оны ұстап алып, үйдің маңына аяғына шідер салып арқандайды.

• Арқандаулы тұрған аттың қасына бүркітті тұғырымен қоса қондырып қояды. Қысқасы, атқа құсты көрсетеді. Қасына бүркіт келіп қонғанда ат үрке ме, жоқ па соны қатты қадағалайды. Бүркіт жалпылдап қанат жайғанда ат бірден шошынып үріксе, бұл ат ешқашан көндікпейді деген сөз. Сол себепті, бүркітті әкелгенде артық қимыл жасаудан сақтанған абзал.

• Егер ат үркіп, аз-маз секемденсе, бүркітті алысырақ апарып қондырады. Ат оған бауыр басқанға дейін (үрікпей үйренгенге дейін) сол жерден қозғамайды.

• Аттың бүркітке бойы үйрене бастағанда, құсты да жақындатып қондырады. Осылай күн сайын жақындата береді. Ақырында қасына алып келіп ұстайды. Осы істі бірнеше күн тіпті бірнеше апта қайталайды.

• Ат құсты қасына жақындатқаннан кейін, бүркітті аттың қасына отырғызып қойып, аяғына шідер салып (кенет шошынып үркіп кетпеу үшін) ерттейді. Одан кейін бүркітті қолға көтеріп ердің үстіне қондырып, қайтадан түсіріп, байқайды. Бұл әдісті атты шошындырмай үш-төрт күн қайталайды.

• Төртінші күні құсбегі бүркітті қолға ұстаған күйі атқа отырады, қайта түседі. Бірақ жүрмейді. Ескеретін жағдай, алғаш рет атқа мінгенде бүркіттің қанат-құйрығын аттың көз-басына тигізбеген дұрыс. Құстың қанат-құйрығына үйренбеген жылқы бір шошынса, екінші қайта ешқашан көндікпейді. Осы әдісті жалықпай қатарынан үш күн қайталайды.

• Егер аттың бойы үйренбей жаттықпаса, жоғарыдағы әдіс-тәсілдерді ұзақ уақыт, яғни, аттың бойы үйренгенге дейін қайталай беру қажет. Ат бүркітке толық үйренбей саятқа шығу қатерлі.

• Жоғарыдағыдай, атты бүркітке жуасытқан соң, бүркітті атқа жуасыту керек. Ол үшін бүркітті атқа алып жүріп жаттықтырады. Аттың жүрісіне үйренген құс тыныш отырады. Ат пен бүркіт бір-біріне толық үйлескен соң аң қағуға шығуға болады.

**Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ**
*«Egemen Qazaqstan»*

# ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ – ІШКІ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

**Бүгінде әлем елдерінде дін мен оның құндылықтарының халық пен қоғам өміріндегі орнының маңызы артып отырғанын көріп отырмыз. Дін мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі.**

Имандылық іргімдері

Әлемдегі діннің дүмпуі Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Тәуелсіз қазақ елінде діни жаңғыру үдерісі ұлттық дәстүр мен құндылықтардың қоғам өміріндегі рөлінің артуынан және жастар арасында діндарлық деңгейінің өсуінен байқалады. Мысалы, мешітке барып жатқан жамағаттың 70 пайыздан астамы жастар десек қателеспейміз. Ғаламтор желісіндегі діни сайттардың оқырмандары, фейсбук (facebook), вк (vk), инстаграм (instagram), твитер (twitter) сияқты т.б. әлеуметтік желілердегі діни топтардың басым бөлігі тағы жас буын. Желіде діни мазмұндағы мақалалар мен әңгімелерді, діни мәтіндер мен аят-хадистерді, фатуаларды (діни шешімдер мен үкімдерді) бір-бірімен бөлісетін де осы – жастар.

Демек, қоғамда әсіресе, келешек буын жастардың арасында дінге, діни рәсімдерге, діни ақпаратқа сұраныс артып отыр. Мынадай сымсыз айди (iD) технология дамыған заманда ақпарат шексіз және қол жетімді. Егер біз жастардың осындай сұранысын қанағаттандыра алмасақ, онда олар бұл ақпаратты, дерек көздерді сырттан іздейді. Бірақ, біз ол кезде жастардың алып жатқан дін туралы ақпараттың қаншалықты дұрыс немесе бұрыс екенін, ғаламторда онлайн дәріс беріп отырған шейхтың кім екенін (шын ғалым, экстремист, террорист, псевдошейх, радикал және т.б.) білмейміз, дереккөздің сенімді немесе сенімсіз екенін, қауіпті немесе қауіпсіз екенін дөп басып айта алмаймыз.

Ғаламтордың арғы жағында отырған «шейх» жастардың санасын өтірік уағызбен улап, баланы әкеге, қызды анасына қарсы қойып нағыз радикал қылып шығаруы мүмкін. Бүгін дұрыс діни білім алмаған ізденуші, ертең әкесі мен анасын «кәпір» деп, бір дастарқан басына отырмайтын радикал. Өкінішке орай мұндай қанды оқиғалардың куәсі болып, зардабын да тарттық. Әсіресе, 2011 және 2012 жылдары орын алған Ақтау, Балқаш, Шұбарши, Тараз және Ақсай шатқалындағы қанды оқиғалар, Сирия сұрапылына «жиһад», «һижра» деп көшкендер, кешегі 2016 жылғы Ақтөбе және Алматы қалаларындағы лаңкестер лаңы жадымызда қасіретті оқиға болып сақталды.

Жұртымыз осындай қайғылы оқиғалардан аман, еліміз тыныш, бейбіт өмір сүруі үшін не істеу қажет? Терроризм мен экстремизм дінге, тілге қарамайды бұл, әлем деңгейіндегі індет. Геосаяси жағдайындағы қауіптер тағы бар. Дана қазақ «жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайды» демекші, бұған ҚМДБ жалғыз өзі қарсы күресе алмайды, оның бұған қауқары да жетпейді, құзыреті де жоқ. ҚМДБ рухани ағартушылықпен және діни рәсімдерді орындаумен шұғылданады.

Ішкі және сыртқы қауіптердің алдын алу, Қазақстанның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мемлекет еншісіндегі дүние. Сол себепті мұндай мәселеде дін мен мемлекет жұмыла жұмыс жасайды. Дін мен мемлекеттің түйісер жері де – елдің тұтастығы мен бірлігі, дінаралық келісім мен тұрақтылық. Осы мақсатта ҚМДБ мен Дін істері министрлігі бірлесе отырып жұмыс жасайды. Өйткені, ҚМДБ – Ислам дінінің сүнни бағыты Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын Қазақстан азаматтарының уәкілетті діни ұйымы болса, қазіргі Қоғамдық даму министрлігі – дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын мемлекеттің уәкілетті органы.



Мәселен, министрліктің дерегінше, 2016 жылдың өзінде 10 750 сайтты зерделеген. Оның ішінде 1500-ге жуық сайттан заңсыз контент анықталып, заң тәртібімен жабылған. Биылғы мониторингте 6 мыңнан аса сайт тексеріліп, 900 заңсыз контент таратып келгені белгілі болды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерге, кітап, баспа өнімдеріне тұрақты сараптама жүргізіліп отыр. Мысалы 2017 жылы 1,5 мыңнан аса объект сараптамадан өтіп, оның ішінде 54 материалда құқыққа қайшы контент кезіккен. Сонымен қатар, қылмыстық атқару жүйесі комитетінің барлық кітапхана қорына сараптама жүргізілген. Нәтижесінде 13 кітап деструктивті мазмұнда деп танылған. Сонымен қатар, ведомствоаралық іс-қимыл нәтижесінде мешіттерде тәртіп бұзу үлесі төмендеп, діни материалдарды тарату арналарына тұрақты мониторинг жүргізілу жолға қойылған (kazislam.kz).

Мұны кейбір азаматтар сияқты жалпы дінге қарсы күрес деп түсінбеу керек. Ондай пікір қате. Бұл – министрліктің сырттан келіп жатқан діни ақпараттарды сүзгіден өткізіп, жастарды радикалданудан сақтап, оларды теріс пиғылды діни ұйымдардың жетегінде кетпеуі үшін жат ағымдардың идеологиясымен күресі.

Әрине, олармен қарсы күресте тек күш қолдану тәсілі тиімді нәтиже бере бермесі анық. Сондықтан бұл мәселеге қарсы идеологиялық күрес жүргізудің де маңызы жоғары. Идеологиялық күрестің қандай күш екенін аға буын жақсы біледі. Сондықтан болса керек бірнеше кісі бас қоса қалса «Кеңес үкіметі кезінде мемлекеттік идеология күшті еді. Қазір ондай идеология жоқ» деп сын айтып жатамыз. Негізінде «мемлекеттің дінге қатысты идеологиясы жоқ» деп айту орынсыз. Мемлекеттік идеология жоқ емес, бар. «Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы» осының айқын дәлелі.

Кез-келген мақсатты істің бағыты мен бағдары, бекітілген құжаты болады. Біз айтып отырған дін саласындағы (2017-2020) жылдарға арналған тұжырымдама да мемлекеттің дін саласына қатысты атқаратын жұмыс бағыты мен бағдары, стратегиялық мақсаттары қамтылған құжат. Басқаша айтқанда, бұл құжат – елдегі конфессияаралық және этносаралық келісімді жетілдіріп, бейбіт өмірді нығайтып, дәстүрлі ділімiз бен дінімізді (Әбу Ханифа мазһабын) сақтап, адасқан діни-сенімдердің алдын алу үшін мемлекетіміздің үш жыл бойына атқаруы тиіс жұмыс жүйесі. Мемлекеттің дін саласына қатысты ресми көзқарасы.

Бұдан былай мемлекет (Дін істері министрлігі уәкілетті орган ретінде) осы тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып ҚМДБ-мен қоян-қолтық жұмыс жасамақ. Мысалы, елдің рухани тірегі болған асыл дініміздің жалпыға ортақ адамгершілік қағидаларын насихаттау, дін догмаларын дұрыс ашықтау, мұсылманшылық құндылықтарды түсіндіру, жоғары білімді дін мамандарын, теологтарды даярлау, шет мемлекетке шәкірттер жіберу, имамдардың діни һәм зайырлы білімдерін жетілдіру сияқты т.б.

Экстремизм, терроризм және деструктивті ағымдар мен адасушыларға қарсы күресте күшпен қатар ағартушылық жолдарын да қарастырған жөн. Жастарға шынайы діни білім беріп, олардың жалпы білім көкжиегін кеңейту де маңызды. Арнайы діни білімнің болмауы, шала сауаттылық, діни ұғымдарды (жиһад, такфир, һижрет, талақ т.б.) қате түсіну, дін мен дәстүрді ажырата алмау сияқты кемшіліктер де экстремизмге әкеліп соқтыруы әбден мүмкін. Дін – дұрыс түсінген адам үшін рухани кемелденуге жетелейтін, ал қате түсінген адам үшін қиындыққа айналары сөзсіз. Негізінен адасқандар мен экстремистердің қатарына қосылатындар дұрыс діни тәрбиеден нәр алмағандар. Ақтөбе, Атырау, Ақтау сияқты еліміздің басқа да өңірлерде намаз оқымағандарды «кәпірге» шығарып, олардың дүние-мүліктерін тонауды адал етіп жүргендер міне, осылар. Сондықтан жастарға тура бағыт беріп, дұрыс тәрбиелеуде мемлекет пен дін қызметкерлері күш біріктіргендері абзал.

Кеше ғана қабылданған бұл құжаттың (тұжырымдама) аясында атқарылған оңды іс-шаралардың келесісі – мұсылман бірлестігін қолдау қорының құрылуы. Қордың қызметі коммерциялық емес қайырымдылық ұйым ретінде әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға, білім-ағартушылық шараларды жүргізуге, сонымен қатар, діни бірлестік қызметкерлері жұмысының тиімділігін көтеру және мекемелердің қызметін қолдауға бағытталған. «Уақып» қорының қызметі негізінен мынадай міндеттерді шешуге бағытталып отыр:

– елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге үлес қосу;

– тұрғындардың әлеуметтік аз қамтылған тобы мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көмек көрсету;

– балалар мен жастардың физикалық және интеллектуалдық дамуын қолдау;

– діни радикализм мен экстремизмнің алдын алу;

– мамандардың біліктілігін көтеру және шалғайда орналасқан діни бірлестіктердің (имамдардың) әлеуметтік мәселелерін шешу және т.б.

Назар салсаңыз осы айтылған тармақшалардың барлығы да тұжырымдамада қамтылған мәселелер. Мақсат – елдегі дінаралық және ұлтаралық келісімді нығайту, бейбіт өмір мен тұрақтылыққа үлес қосу, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жәрдем беру, діни радикализм мен экстремизмнің алдын алу, шалғай елді-мекендегі имамдардың әлеуметтік жағдайын шешу, діни білім беру жүйесін реттеу және т.б.

Шағын мақалада келтірілген біздің бір-екі мысалымыз дін саласына қатысты қабылданған тұжырымдаманың мазмұнын толық аша қоймасы анық. Онда елдегі діннің ахуалы айтылып, түрлі (мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет, құқық қорғау, қарулы күштер, БАҚ, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт) салалар бойынша дінге қатысты ұстаным баяндалған. Бірақ, біздің мақсат – оқырманды шаршату емес, дін саласына қатысты қабылданған осы құжатты қарапайым сөзбен тарқатып, сізді онымен аз да болса таныстыру. Бұл біздің азаматтық борышымыз деп білемін. Діни қайшылықтар негізінде туындайтын радикализммен байланыстағы келеңсіз үрдістер бой көрсетіп отырған бүгінгі уақытта елдегі тұрақтылық пен ауызбіршілікті нығайту үшін әрбіріміз қолдан келгенше үлес қосуымыз керек.

Дінді қоғамнан бөліп қарау мүмкін емес. Былтыр ғана Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қаулысымен құрылған арнайы министрліктің де пайда болуы діннің қоғамдағы орны мен маңызын аңғартқандай. Әсіресе, 18 конфессия мен үш жарым мыңнан астам діни субъектілері ресми түрде тіркелген мемлекетте дінаралық келісімнің маңызы жоғары.

Осы ретте, дінге қатысты мәселелердің барлығын тек бір мекемеге ғана (ҚМБД-ға немесе Дін істер министрлігі) жүктеп қоймай, әрбір Қазақстан азаматы атсалысқаны жөн. Қазақ «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, еліміздегі дінаралық және этносаралық ауызбіршілікті сақтау баршамызға ортақ міндет.

**Жалғас САДУАХАСҰЛЫ,**
**дінтанушы, философия ғылымдарының кандидаты**

# ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ және ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАР

*(Соңы. Басы өткен нөмірде)*

**Сарыкеңгір селолық округі аумағындағы жер учаскелерінің меншік иелері тізімі**

*№ 1 кесте*

**Список собственников земельных участков на территории Сарыкенгирского сельского округа**

*Таблица № 1*

| № | Жер учаскелерін жер пайдаланушылардың атауы / Наименование землепользователей земельных участков | Жайылым алаңы, (га) / Площадь пастбищ, (га) | Түрлері бойынша малдың болуы, (бас) / Наличие скота по видам, (гол) | | | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га) / Норма потребности пастбищ на 1 гол., (га) | | | Жайылымдардың қажеттілігі, (га) / Потребность пастбищ,(га) | | | | Артық жайылымдар, (га) / Излишки пастбищ, (га) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ІҚМ / КРС | ҰҚМ / МРС | Жылқы / Лошади | ІҚМ / КРС | ҰҚМ / МРС | Жылқы / Лошади | ІҚМ / КРС | ҰҚМ / МРС | Жылқы / Лошади | Жиыны(га) / Итого (га) | |
| 1 | Тулеубаев Дулат Манатович | 2450 | 49 | 111 | 30 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1102,5 | 499,5 | 810 | 2412 | 38 |
| 2 | Акимжанов Аскар Сауалханович | 3 300 | 34 | | 97 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 765 | 0 | 2619 | 3384 | -84 |
| 3 | Нуржанов Болат | 4600 | 79 | | 19 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1777,5 | 0 | 513 | 2290,5 | 2 310 |
| 4 | Оязбекова Ишанкул | 1 540 | 5 | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 112,5 | 0 | 0 | 112,5 | 1 428 |
| 5 | Абилкасымов Мухаметжан | 7 002 | 24 | 36 | 18 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 540 | 162 | 486 | 1188 | 5 814 |
| 6 | Карабеков Жанторе | 1 935 | 13 | 5 | 15 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 292,5 | 22,5 | 405 | 720 | 1 215 |
| 7 | Абдразаков Берик Койшыгаринович Бейсембаев Оркен Рахметоллаевич | 1478 | 31 | 35 | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 697,5 | 157,5 | 0 | 855 | 623 |
| 8 | Токбергенов Ыкылас | 1000 | 2 | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 45 | 0 | 0 | 45 | 955 |
| 9 | Тобагабулов Бакытжан | 1 300 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 300 |
| 10 | Темирбеков Нурбол Сансызбаевич | 900 | 52 | 250 | 35 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1170 | 1125 | 945 | 3240 | -2 340 |
| 11 | Сейтказин Муханбеткали | 6 000 | 20 | | 38 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 450 | 0 | 1026 | 1476 | 4 524 |
| 12 | Искакова Гулмира Серикбаевна | 990 | | | 3 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 81 | 81 | 909 |
| 13 | Муканов Сапарбек | 530 | 19 | 65 | 15 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 427,5 | 292,5 | 405 | 1125 | -595 |
| 14 | Байкенжин Курман | 380 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 380 |
| 15 | Тусупова Бактыгул | 380 | 54 | 197 | 32 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1215 | 886,5 | 864 | 2965,5 | -2 586 |
| 16 | Асанов Куандык Даулетович | 800 | 27 | | 22 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 607,5 | 0 | 594 | 1201,5 | -402 |
| 17 | Асанов Сейтжан | 3 000 | 58 | 367 | 48 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1305 | 1651,5 | 1296 | 4252,5 | -1 253 |
| 18 | Баймагамбетов Кенес | 500 | 30 | 87 | 21 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 675 | 391,5 | 567 | 1633,5 | -1 134 |
| 19 | Бекмагамбетов Рымбек | 675 | 9 | 14 | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 202,5 | 63 | 0 | 265,5 | 410 |
| 20 | Мейрамов Елжас | 1 200 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 200 |
| 21 | Есназарова Алия Касымовна, Райс Дана Түлекбайқызы | 1 000 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 000 |
| 22 | Есназарова Алия Касымовна, Райс Дана Түлекбайқызы | 1 300 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 300 |
| 23 | Бексенов Балкан Турсынович | 2 436 | 6 | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 135 | 0 | 0 | 135 | 2 301 |
| 24 | Алтаев Галымбек | 796 | 50 | | 17 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1125 | 0 | 459 | 1584 | -788 |
| 25 | Алтаев Галымбек | 704 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 704 |
| 26 | Слямова Айнаш Танатаровна | 5 440 | 26 | | 14 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 585 | 0 | 378 | 963 | 4 477 |
| 27 | Адилбеков Толеутай Мирзахметович | 2700 | 20 | 39 | 7 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 450 | 175,5 | 189 | 814,5 | 1 886 |
| 28 | Маханбетова Сара Алгариновна | 1 460 | 6 | 30 | 18 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 135 | 135 | 486 | 756 | 704 |
| 29 | Сагиндыкова Рапа | 1 426 | 8 | 28 | 5 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 180 | 126 | 135 | 441 | 985 |
| 30 | Абенова Таттибала Бекетаевна | 1654 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 654 |
| 31 | Сейтжанова Забира | 678 | 11 | 86 | 24 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 247,5 | 387 | 648 | 1282,5 | -605 |
| 32 | Бурабаева Улмес | 364 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 364 |
| 33 | Наурызбаев Серик Ергалиевич | 1230 | 11 | | 23 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 247,5 | 0 | 621 | 868,5 | 362 |
| 34 | Татамбаев Мырзатай | 3 000 | 15 | 204 | 41 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 337,5 | 918 | 1107 | 2362,5 | 638 |
| 35 | Жамауов Мурат Салкенович | 3700 | 36 | 52 | 23 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 810 | 234 | 621 | 1665 | 2 035 |
| 36 | Садуакасов Амирхан Курдебаевич | 1 420 | 5 | 20 | 9 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 112,5 | 90 | 243 | 445,5 | 975 |
| 37 | Кулжанов Нысанбай Танатарович | 4640 | 112 | 600 | 159 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 2520 | 2700 | 4293 | 9513 | -4 873 |
| 38 | Кулжанов Дуйсебек Танатарович | 2 600 | 62 | 80 | 29 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1395 | 360 | 783 | 2538 | 62 |
| 39 | Аханов Музараф Аханович, Жомарт Музарафович Аханов | 2750 | | | 156 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 4212 | 4212 | -1 462 |
| 40 | Ибраимов Бутавбай | 1 100 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 100 |
| 41 | Мухамбетжанов Аскар | 1 546 | 62 | 595 | 55 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1395 | 2677,5 | 1485 | 5557,5 | -4 012 |
| 42 | Мейрамов Ершат Ашмуханович | 1 000 | 51 | 135 | 27 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1147,5 | 607,5 | 729 | 2484 | -1 484 |
| 43 | Айдарханов Муканбет | 1 100 | 39 | 61 | 9 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 877,5 | 274,5 | 243 | 1395 | -295 |
| 44 | Ибраева Шайза | 2 300 | 3 | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 67,5 | 0 | 0 | 67,5 | 2 233 |
| 45 | Копеев Марат Жаркинович,Раушан Жаркиновна Алембаева | 2 700 | 49 | 355 | 65 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1102,5 | 1597,5 | 1755 | 4455 | -1 755 |
| 46 | Копеев Марат Жаркинович | 1 556 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 556 |
| 47 | Бакиров Даурен Самарханович | 1 800 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 800 |
| 48 | Аханов Музараф Аханович, Кунтуган Даулетбаев | 2 700 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 700 |
| 49 | Аханов Музараф Аханович | 2 700 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 700 |
| 50 | Оразалин Адилхан | 1 500 | 62 | 19 | 51 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1395 | 85,5 | 1377 | 2857,5 | -1 358 |
| 51 | Яхин Михаил Мухамедович, Яхина Галина Николаевна | 4500 | 22 | | 25 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 495 | 0 | 675 | 1170 | 3 330 |
| 52 | Асанов Айтжан | 1 289 | 3 | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 67,5 | 0 | 0 | 67,5 | 1 222 |
| 53 | Аубакиров Ержан Домалакович | 2567 | 49 | 86 | 34 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1102,5 | 387 | 918 | 2407,5 | 160 |
| 54 | Аяш Мырзахмет | 1 800 | 16 | | 44 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 360 | 0 | 1188 | 1548 | 252 |
| 55 | Катжанов Балтабек | 4 850 | 48 | 184 | 197 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1080 | 828 | 5319 | 7227 | -2 377 |
| 56 | Нуржанов Абдырзак Абдешович | 1 700 | 10 | | 3 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 225 | 0 | 81 | 306 | 1 394 |
| 57 | Сатыбалдинова Алтынкул | 1 000 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 000 |
| 58 | Нысанбаев Мурат Абдуалиевич | 350 | 26 | 84 | 53 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 585 | 378 | 1431 | 2394 | -2 044 |
| 59 | Нурмуханбет Мухиевич Аляпаров | 4 950 | 3 | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 67,5 | 0 | 0 | 67,5 | 4 883 |
| 60 | Дюсембеков Руслан Советович | 10 890 | 154 | 279 | 57 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 3465 | 1255,5 | 1539 | 6259,5 | 4 631 |
| 61 | Джакупов Бауржан Еркимбаевич | 660 | | 236 | 520 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 1062 | 14040 | 15102 | -14 442 |
| 62 | Нуржанов Сламбек Советович | 500 | | 149 | 14 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 670,5 | 378 | 1048,5 | -549 |
| 63 | Алпысбаев Канат Жиенбаевич | 1 800 | 42 | 226 | 35 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 945 | 1017 | 945 | 2907 | -1 107 |
| 64 | Игенов Асхат Сагиммусаевич | 685 | 6 | 23 | 3 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 135 | 103,5 | 81 | 319,5 | 366 |
| 65 | Есмаганбетов Акылбек Рахымжанович | 1 514 | 11 | 17 | 10 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 247,5 | 76,5 | 270 | 594 | 920 |
| 66 | Омаров Сабыр | 730 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 730 |
| 67 | Токбергенов Еркинбай | 1 052 | 17 | 29 | 14 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 382,5 | 130,5 | 378 | 891 | 161 |
| 68 | Азамат Хамитович Кожабаев | 3 900 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 3 900 |
| 69 | Отыншиев Ибрагим | 1 100 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 100 |
| 70 | Утарова Айгул Урнбасаровна | 5441 | 48 | 146 | 19 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1080 | 657 | 513 | 2250 | 3 191 |
| 71 | Абилкасимов Бакыт Рахимбекович | 6 075 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 6 075 |
| 72 | Даулетбаев Жансейт Кунтуганович | 2 795 | | 40 | 78 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 180 | 2106 | 2286 | 509 |
| 73 | Сагимбаев Ербол Марленович | 5 000 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 5 000 |
| 74 | Сыздыманов Ерболат | 3 720 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 3 720 |
| 75 | Байгаринов Болат Бактыгельдинович | 3 402 | 6 | | 13 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 135 | 0 | 351 | 486 | 2 916 |
| 76 | Лабахов Шахай Алимович | 23 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 23 |
| 77 | Сатыбалдиев Серик Сатыбалдиевич | 700 | 13 | | 1 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 292,5 | 0 | 27 | 319,5 | 381 |
| 78 | Аянбаева Турсынай Егизтаевна | 1 500 | 2 | 7 | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 45 | 31,5 | 0 | 76,5 | 1 424 |
| 79 | Кульбаева Бибигуль Тулегеновна | 440 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 440 |
| 80 | Кульбаева Бибигуль Тулегеновна | 3 315 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 3 315 |
| 81 | Терликбаев Ерлан Советович, Сейтжаппаров Жасулан Советович | 818 | | | 16 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 432 | 432 | 386 |
| 82 | Тәжі Досалы | 6 820 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 6 820 |
| 83 | Есназаров Бейбит Камариденович | 1 570 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 570 |
| 84 | Абдуалиев Дархан Толендиевич | 2 545 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 545 |
| 85 | Сейдахметов Каскырбай | 6 682 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 6 682 |
| 86 | Бауыржан Сабитович Жанабергенов | 1 479 | | | 15 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 405 | 405 | 1 074 |
| 87 | Мухаметжан Турсунович Алданазаров | 4 021 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 4 021 |
| 88 | Нурмаганбетов Нурлыбек Советович | 923 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 923 |
| 89 | Даурен Сайрамбаевич Жапенов | 1 620 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 620 |
| 90 | Айранбаев Кахарман Нурмуханбетович | 1 937 | 21 | | 35 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 472,5 | 0 | 945 | 1417,5 | 520 |
| 91 | Ранов Нурхан Набиевич | 2 273 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 273 |
| 92 | Саукымов Ерден Болатбекович | 1 991 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 991 |
| | **Итого/ Қорытынды** | **214 847** | | | | | | | | | | | 88 561 |

►►*6-бетте*

# ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ және ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАР

*(Соңы. Басы 5-бетте)*

**Сарыкеңгір селолық округі бойынша елді-мекендер бөлінісінде ІҚМ аналық (сауын)мал басын орналастыру үшін жайылымдарды бөлу жөніндегі мәліметтер**

*№ 2 кесте*

| № | Елді мекені | Жайылым алаңы, (га) | Сауын сиырлардың болуы (бас) | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га) | Жайылымдардың қажеттілігі, (га) | Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген (га) | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % | Артықшылық, (га) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Малшыбай ауылы | 15 603 | 202 | 22,5 | 4 545,0 | - | 100 | - |
| | **Барлығы** | **15 603** | **202** | **22,5** | **4 545,0** | **-** | **100** | **-** |

**Сарыкеңгір селолық округі бойынша жер учаскелерінің меншік иелері бөлігінде ауыл шаруашылығы малдарының басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі мәліметтер**

*№ 3 кесте*

| № | Елді мекен | Малдың болуы түрлері бойынша (бас) | | | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га) | | | Жайылымдардың қажеттілігі, (га) | | | | Жайылымдарды бөлу | Қажеттілің қамтамасыз етілуі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ІҚМ | ҰҚМ | Жылқы | ІҚМ | ҰҚМ | Жылқы | ІҚМ | ҰҚМ | Жылқы | Қорытынды (га) | | |
| 1 | Сарыкеңгір селолық округі | 1637 | 4979 | 2339 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 36832,5 | 22405,5 | 63153 | 122391 | **Барлығы: Аудыны 214 847,0 га (116 АШ)** | **175,5** |
| 2 | Малшыбай ауылы | 439 | 908 | 430 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 9877,5 | 4086 | 11610 | 25573,5 | **Барлығы: Ауданы 15 603,0** | **61** |
| | **Барлығы** | **2076** | **5887** | **2769** | | | | **46710** | **26491,5** | **74763** | **147 964,5** | **230 450,0** | **156** |

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 9 970,5 га көлемінде Тусупованың Б. – 1800 га, Есназарованың А.К. – 2300,0 га, Исатаевтың С.Б. – 2000,0 га, Абенованың Т.Б. – 1100,0 га, Сатыбалдинованың А.Ж. –1000,0 га, Аляқпаровтың Н.М – 4950,0 га, Байгаринованың Б.Б. – 3402,0 га жайылымдық жерлердің қалған қажеттілігін өтеу қажет

*2-қосымша басқару жөніндегі жоспарға жайылымдарды және оларды пайдалану Сарыкеңгір селолық округінде 2020-2021 жылдарға арналған*

**Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары**

Сарыкеңгір селолық округі үшін қолайлы жайылым айналымдарының схемасы

| Жылдар | Қоршау 1 | Қоршау 2 | Қоршау 3 | Қоршау 4 |
|---|---|---|---|---|
| 2020 | көктемгі-жазғы маусым 1 | Жазғы маусым 2 | Күзгі маусым 3 | Демалушы қоршау |
| 2021 | демалушы қоршау | көктемгі-жазғы маусым 1 | Жазғы маусым 2 | Күзгі маусым 3 |

*3-қосымша басқару жөніндегі жоспарға жайылымдарды және оларды пайдалану Сарыкеңгір селолық округінде 2020-2021 жылдарға арналған*

**Жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары көрсетілген Карта, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілері**

*Приложение 3 к Плану по управлению пастбищами и их использованию в Сарыкенгирском сельском округе на 2020-2021 годы*

**Карта с обозначением внешних и внутренних границ и площадей пастбищ, в том числе сезонных, объектов пастбищной инфраструктуры**



**Сарыкенгирский сельский округ**

*4-қосымша басқару жөніндегі жоспарға жайылымдарды және оларды пайдалану Сарыкеңгір селолық округінде 2020-2021 жылдарға арналған*

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы**

Бір ауыл шаруашылығы жануарына су тұтынудың орташа тәуліктік нормасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен бекітілген жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларының 9-тармағына сәйкес айқындалады.

Сарыкеңгір ауылдық округінің аумағында суару немесе суландыру каналдары жоқ.




**Сарыкенгирский сельский округ**

*Приложение 4 к Плану по управлению пастбищами и их использованию в Сарыкенгирском сельском округе на 2020-2021 годы*

**Схема доступа пастбищепользователей к водоисточникам (озерам, рекам, прудам, копаням, оросительным или обводнительным каналам, трубчатым или шахтным колодцам), составленная согласно норме потребления воды**

Среднесуточная норма потребления воды на одно сельскохозяйственное животное определяется в соответствии с пунктом 9 Правил рационального использования пастбищ, утвержденных приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 15090).

Оросительных или обводнительных каналов на территории Сарыкенгирского сельского округа не имеется.

**Сведения по распределению пастбищ для размещения маточного (дойного)поголовья КРС по Сарыкенгирскому сельскому округу в разрезе населенных пунктов**

*Таблица №2*

| № | Населенный пункт | Площадь пастбищ, (га) | Наличие дойных коров (гол.) | Норма потребности пастбищна 1 гол., (га) | Потребность пастбищ, (га) | Не обеспечено пастбищами (га) | Обеспеченность потребности, % | Излишки, (га) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | с. Малшыбай | 15 603 | 202 | 22,5 | 4 545,0 | - | 100 | - |
| | **Всего** | **15 603** | **202** | **22,5** | **4 545,0** | **-** | **100** | **-** |

**Сведения по перераспределению пастбищ для размещения поголовья сельскохозяйственных животных в разрезе собственников земельных участков по Сарыкенгирскому сельскому округу**

*Таблица № 3*

| № | Населенный пункт | Наличие скота по видам, (гол) | | | Норма потребности пастбищ на 1 гол., (га) | | | Потребность пастбищ,(га) | | | | Распределение пастбищ | Обеспеченность потребности, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | КРС | МРС | Лошади | КРС | МРС | Лошади | КРС | МРС | Лошади | Итого (га) | | |
| 1 | Сельский округ | 1637 | 4979 | 2339 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 36832,5 | 22405,5 | 63153 | 122391 | **Итого: Площадь 214 847,0 га (116 КХ)** | **175,5** |
| 2 | с.Малшыбай | 439 | 908 | 430 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 9877,5 | 4086 | 11610 | 25573,5 | **Итого: Площадь 15 603,0** | **61** |
| | **Всего** | **2076** | **5887** | **2769** | | | | **46710** | **26491,5** | **74763** | **147 964,5** | **230 450,0** | **156** |

Примечание: Недостающее количество 9 970,5 га пастбищных угодий необходимо восполнить за счет выпаса сельскохозяйственных животных населения на землях, принадлежащих Тусуповой Б. – 1800,0 га, Есназаровой А.К. – 2300,0 га, Исатаеву С.Б. – 2000,0 га, Абеновой Т.Б. – 1100,0 га, Сатыбалдиновой А.Ж. –1000,0 га, Аляқпарова Н.М – 4950,0 га, Байгаринова Б.Б. – 3402,0 га

*Приложение2 к Плану по управлению пастбищами и их использованию в Сарыкенгирском сельском округе на 2020-2021 годы*

**Приемлемые схемы пастбищеоборотов**

Схема пастбищеоборотов, приемлемая для Сарыкенгирского сельского округа

| Годы | Загон 1 | Загон 2 | Загон 3 | Загон 4 |
|---|---|---|---|---|
| 2020 | весенне-летний сезон 1 | летний сезон 2 | осенний сезон 3 | отдыхающий загон |
| 2021 | отдыхающий загон | весенне-летний сезон 1 | летний сезон 2 | осеннийсезон 3 |

Примечание: 1, 2, 3, 4 - очередность использования загонов в году.

*Сарыкеңгір селолық округінде 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды және оларды пайдалану басқару жөніндегі жоспарға 5-қосымша*

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю мен қозғалудың маусымдық бағыттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кесте**

| № | Ауылдық округ атауы | 2020 жылғы қоршаулар саны | | | | 2021 жылғы қоршаулар саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Дамса | КЖМ | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:
КЖМ –көктемгі-жазғы маусым;
ЖКМ – жазғы-күзгі маусым;
ЖМ – жазғы маусым;
ДҚ – демалушы қоршау
Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Талап ауылдық округінде 3 ауылдық елді мекен бар.

*Жоба*

**Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы А. ДОСАНОВ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С. МЕДЕБАЕВ**

*Приложение 5 к Плану по управлению пастбищами и их использованию в Сарыкенгирском сельском округе на 2020-2021 годы*

**Календарный график по использованию пастбищ, устанавливающий сезонные маршруты выпаса и передвижения сельскохозяйственных животных**

| № | Наименование сельских округов | Количество загонов в 2020 году | | | | Количество загонов в 2021 году | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Кенгирский | ВЛС | ЛС | ОЗ | ЛОС | ВЛС | ЛС | ЛОС | ОЗ |

Примечание: расшифровка аббревиатур:

ВЛС – весенне-летний сезон;
ЛОС – летне-осенний сезон;
ЛС – летний сезон;
ОЗ – отдыхающий загон.

*Проект*

**Об утверждении Плана по управлению пастбищами их использованию на землях Сарыкенгирского сельского округа на 2020-2021 года**

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 20 февраля 2017 года «О пастбищах» Жезказганский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить прилагаемый План по управлению пастбищами и их использованию на землях Сарыкенгирского сельского округа на 2020-2021 года.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель сессии А. ДОСАНОВ**
**Секретарь городского маслихата С. МЕДЕБАЕВ**

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

*2020 жылғы 28 ақпаны № 08/01* *Жезқазған қаласы*

## СТАЦИОНАРЛЫҚ ЕМЕС САУДА ОБЪЕКТІЛЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министірлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2020 жылғы 03 наурыздағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5724 болып енгізілді**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8, 12-баптарына сәйкес, Жезқазған қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Сауда қызметін реттеу үшін стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2.Осы қаулының орындалысын бақылау жетекшілік ететін Жезқазған қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3.Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жезқазған қаласы әкімі Қ. БЕГІМОВ**

*Жезқазған қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 ақпаны № 08/01 қаулысына қосымша/*

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ СТАЦИОНАРЛЫҚ ЕМЕС САУДА ОБЪЕКТІЛЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН АРНАЛҒАН ОРЫНДАР

| № | Сауда орындары |
|---|---|
| 1 | Абай көшесі, «Девятый» дүкенінің аумағында |
| 2 | Абай көшесі, «Ұлытау» дүкенінің аумағында |
| 3 | І.Есенберлин көшесі, №19 тұрғын үйдің аумағында |
| 4 | М.Жәлел көшесі, №19 тұрғын үйдің аумағында |
| 5 | Ы.Анарқұлов көшесі, №14 тұрғын үйдің аумағында |
| 6 | Алашахан даңғылы, №26 «Садко» дүкенінің аумағында |
| 7 | Қ.Сәтбаев көшесі, №91-93 тұрғын үйлер аралағында |
| 8 | Пушкин көшесі, №5 тұрғын үй аумағында |
| 9 | А.Түсіпбеков көшесі, №17 тұрғын үй аумағында |
| 10 | І.Есенберлин көшесі, №9 тұрғын үй аумағында |
| 11 | Бейбітшілік даңғылы, №51 тұрғын үй аумағында |
| 12 | С.Мұқанов көшесі, №9 «Дархан» дүкені аумағында |

# ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАН

*№ 08/01 от 28 февраля 2020 года* *город Жезказган*

## ОБ УТВЕРЖДЕНИИ МЕСТ РАЗМЕЩЕНИЯ НЕСТАЦИОНАРНЫХ ТОРГОВЫХ ОБЪЕКТОВ

**Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 03 марта 2020 года за №5724 в Департаменте Юстиции Карагандинской области Министерства Юстиции Республики Казахстан**

В соответствии с подпунктом 4-2) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», со статьями 8, 12 Закона Республики Казахстан от 12 апреля 2004 года «О регулировании торговой деятельности», акимат города Жезказган **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Для регулирования торговой деятельности утвердить места размещения нестационарных торговых объектов согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Жезказган.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Аким города Жезказган К. БЕГИМОВ**

*Приложение к постановлению Акимата города Жезказган от 28 февраля 2020 года № 08/01*

## МЕСТА РАЗМЕЩЕНИЯ НЕСТАЦИОНАРНЫХ ТОРГОВЫХ ОБЪЕКТОВ ПО ГОРОДУ ЖЕЗКАЗГАН

| № | Торговые места |
|---|---|
| 1 | Улица Абая, в районе магазина «Девятый» |
| 2 | Улица Абая, в районе магазина «Улытау» |
| 3 | Улица И.Есенберлина, в районе жилого дома №19 |
| 4 | Улица М.Жалиля, в районе жилого дома №19 |
| 5 | УлицаИ.Анаркулова, в районе жилого дома № 14 |
| 6 | Проспект Алашахана №26, в районе магазина «Садко» |
| 7 | Улица К.Сатпаева, между домами № 91 - 93 |
| 8 | Улица Пушкина, в районе жилого дома №5 |
| 9 | УлицаА.Тусупбекова, в районе жилого дома №17 |
| 10 | Улица И. Есенберлина, в районе жилого дома №9 |
| 11 | Проспект Мира, в районе жилого дома №51 |
| 12 | Улица С.Муканова, №9 в районе магазина «Дархан» |

## 16.03.2020

**QAZAQSTAN**
6:05 «Рэй бастаған құтқарушылар». 6:25 «Másele». 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Көсем». 15:10 «ӨЗ ҮЙІМ». 16:05 «Apta». 16:50 «100 JAŃA ESIM» 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қазбат». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:30 «КӨЗҚАРАС» 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «КӨСЕМ». 22:30 «ҚАЗБАТ». 23:30 «Niet». 1:20 AQPARAT. 1:55 «Ashyq alań».

**ХАБАР**
6:00 «7 күн». 7:00 «1001 ночь: нерассказанные истории». 7:30 «Қызық times». 8:40 «Өз үйім». 9:30 «Рауза». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. 12:15 «Баспанаға бағыт». 12:45 Новости. 13:00 «Простая жизнь». 14:50 «Өз үйім». 15:40 «Аралым - айдын шалқарым». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 «Рауза». 20:20 Қорытынды жаңалықтар. 20:50 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 0:50 «Бәсеке 2». 1:25 «Мектеп».

**АСТАНА**
6:00 «Əн мен əзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік əзілдер». 8:00 «Маша и медведь». 9:50 «Кулфи». 11:20 «Қара ниет». 12:20 «Қарлығаш күзет агенттігі». 13:00 «Біреудің есебінен». 14:00 «Я больше не боюсь». 16:20 «Қош келдіңіз!». 17:20 «Қарлығаш күзет агенттігі». 18:00 «Сыла». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Лотерея «777», «Keno». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Кулфи». 23:25 «Бір болайық». 0:25 Vine Time. 0:55 «Красные браслеты». 3:00 ASTANA TIMES. 3:50 «Біреудің есебінен». 4:35 «KazNet». 5:00 «Əн мен əзіл».

**КТК**
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН». 07.20 «ДАУДАМАЙСЫЗ». 07.50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 08.50 «ДЕДУШКА». 11.10 «НЕЗНАКОМКА В ЗЕРКАЛЕ». 15.00 «ПОЗДНЕЕ СЧАСТЬЕ». 17.00 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 18.00 «ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ 21.40 «ЛЮБИМЫЕ ДЕТИ». 23.40 «ШЕФ-3. НОВАЯ ЖИЗНЬ». 01.20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.10 «ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ». 03.15-04.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».

**7-АРНА**
06.00 «Қыздар арасында». 07.00 «Азулылар әулеті». 08.00 «Элиф». 08.50 «Псы под прикрытием». 10.40 «Зачетный препод». 13.00 «Большой солдат». 15.00 «Вероника не хочет умирать». 16.10 «Ложь во спасение». 17.20 «Анна-детективъ». 18.20 «Спецотряд «Шторм». 19.30 «Суперкопы». 20.00 «ИП Пирогова». 21.00 «Ұлы дала жанұясы». 22.00 «Элиф». 23.00 «Азулылар әулеті». 00.00 «Ложь во спасение». 01.10 «Вероника не хочет умирать». 02.10 «Суперкопы». 02.40 «Айнаонлайн». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**31**
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Әзілдер жинағы. 08:30 «Альфа и Омега: Клыкастая братва». 10:20 «Профессионал». 13:00 «Маша и Медведь». 14:00 «Ералаш». 15:00 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Экстрасенсы детективы». 17:00 «Семейный бизнес». 17:30 «Папик». 20:00 Информбюро. 21:00 «Қара маржан». 22:00 «Ганга». 23:00 «What's Up?». 23:30 «Чернобыль». 00:30 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 02:00 Ризамын. 04:00 Әзіл студио.

**AQSHAM**
09:02 Реклама. 09:10 «София прекрасная». 10:00 Новости. 10:30 Реклама. 10:35 «История одной любви». 13:00 Новости. 13:40 «Ментовские войны». 15:00 Еске алу. 16:30 «История одной любви». 18:00 Еске алу. 19:00 Новости. 20:00 Құтты болсын. 21:00 Новости. 21:45 Реклама. 22:00 «Айсулу». 23:00 Новости. 23:45 Реклама.

**ДИДАР**
08.00 «Гороскоп». 08.05 «Жұлдыз FM». 11.05 Мультфильм 11.15 Фильм «В бой идут одни старики». 12.55 «Наурыз мейрамы». 13.00 «Жеңіс-75». 13.15 «Көкейтесті». 13.45 «Айдыны шалқар аққумын». 15.35 Деректі фильм. 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Жүрек тынысы». 17.20 «Асыл арман». 18.00 «Мультфильм». 18.25 «Наурыз мейрамы». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.00 Деректі фильм. 19.25 «Неизведанный Казахстан». 20.05 «Рухани қазына». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». сазды бағдарламасы. 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Өн шашу». 23.30 «Дидар».

## 17.03.2020

**QAZAQSTAN**
6:05 «Рэй бастаған құтқарушылар». 6:30 AQPARAT. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Көсем». 15:10 «ӨЗ ҮЙІМ». 16:10 «JAN JYLÝY». 16:35 «Ұлы дала ұлағаты». 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қазбат». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «КӨСЕМ». 22:30 «ҚАЗБАТ». 23:30 «Niet». 1:20 AQPARAT. 1:50 ФУТБОЛ.

**ХАБАР**
6:00 Қорытынды жаңалықтар. 7:15 «1001 ночь: нерассказанные истории». 7:40 «Қызық times». 8:40 «Өз үйім». 9:30 «Рауза». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. 12:15 «Баспанаға бағыт». 12:45 Новости. 13:00 «Сестра моя, Любовь». 14:50 «Өз үйім». 16:00 «Тұран этно-фольклорлық ансамблінің». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 «Рауза». 20:20 Қорытынды жаңалықтар. 20:50 «Новый курс». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 0:50 «Бәсеке 2». 1:20 «Мектеп».

**АСТАНА**
